



Қазақстандағы ерлердің отбасы өмірі мен балалар тәрбиесіне қатысуының деңгейі мен рөлдері:

ұлттық жүйелі әлеуметтанулық зерттеудің нәтижесізерттеудің нәтижесі

Алматы 2021



Public Opinion Research Center

Бұл есепте Қазақстандағы ерлердің отбасы өмірі мен балалар тәрбиесіне қатысуының деңгейі мен рөлдерін әлеуметтанулық жүйелі зерттеудің нәтижесі көрсетілген. Толық емес отбасылардың мәселелері жалғыз басты әкелердің мысалында қозғалады. Зерттеу ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның бастамасымен, Қазақстандағы БҰҰ Халық қоныстануы қорының (ЮНФПА) техникалық және қаржылай қолдауымен және РҚБ «Әкелер одағы» қатысуымен жүзеге асырылған. Орындаушы: ЖШС «Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы (ҚПЗО)» зерттеу компаниясы, Алматы қ., Қазақстан.

Аталған жариялымдағы көзқарастар авторларға тиесілі және Қазақстандағы БҰҰ Халық қоныстануы қорының (ЮНФПА), Біріккен ұлттар ұйымы және басқа да үлестес немесе қосылма ұйымдардың көзқарастарына сәйкес болмауы мүмкін.

ҚПЗО авторлық ұжымы:

Алимбекова Г.Т. – аналитик, ҚПЗО басшысы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты.

Шабденова А.Б. – әлеуметтану бойынша PhD, аналитик, ҚПЗО басқарушысының орынбасары, ақпараттарды өңдеу мен талдау бөлімінің басқарушысы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы.

КІРІСПЕ	9
ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ.....	10
ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	16
Отбасылық ерлер мен әйелдердің әлеуметтік- демографиялық мінездемелері	16
<i>Респонденттердің отбасылық жағдайларының әлеуметтік- демографиялық тұлғалары</i>	17
<i>Отбасылық ерлер мен әйелдердің діншілдік деңгейлері</i>	20
<i>Ерлер мен әйелдердің үй шаруашылықтарының қаржылық жағдайлары тұрғысы</i> ...	23
<i>Ерлер мен әйелдердің әлеуметтік- кәсіби статустары</i>	27
Ерлер мен әйелдердің ата-аналарының отбасындағы қарым-қатынасты бағалау.....	31
<i>Идеалды әке мен ананың сипаттамалары</i>	42
Гендерлік теңдікке қатысты пікірлер	44
Қазіргі кездегі отбасымен қарым-қатынас.....	61
<i>Ерлер мен әйелдердің жұбайлары/жолдастарының жұмыспен қамтылуларына қатысты көзқарастары</i>	64
<i>Отбасылық бюджетті жүргізудің тәжірибесі</i>	66
<i>Идеалды ерлі- зайыптылардың сипаттамалары</i>	69
<i>Отбасылық өмірдің негізгі мәселелері</i>	71
Әйелдердің пікірі бойынша ерлердің отбасы өміріне араласу деңгейлерін бағалаулары .	78
<i>Респонденттердің демалыс күндерінде тынығу мен демалыс уақыттарын өткізулері бойынша қалаулары</i>	87
Ерлердің отбасында әкелік қызметтерді атқаруы мен балаларының тәрбиесіне қатысуларының деңгейлерін бағалау	88
<i>Әкелердің өздерінен бөлек тұратын балаларының тәрбиелеріне қатысулары мен оларды қолдауға ат салысулары</i>	96
Ерлердің денсаулықтарын, жыныстық- репродуктивті денсаулықтарының жағдайын бағалау	98
<i>Ерлер мен әйелдердің болашақ баланың жынысына әсері туралы ақпараттандырылуы</i>	104
Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелейтін толық емес әкелік отбасылар: олардың проблемалары мен қажеттіліктері	106
ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ	117
ҰСЫНЫСТАР	123

КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

Кесте 1. Респонденттерді Қазақстан аймақтары бойынша бөлу	13
Кесте 2. Сауалнамаға қатысушылардың әлеуметтік- демографиялық мінездемелері	17
Кесте 3. Некелерінің саны туралы сұраққа жауаптарды бөлу.....	19
Кесте 4. Жас бойынша некеге тұруды көрсететін сипаттамалық статистика	19
Кесте 5. Респонденттерді діни ұстанымдары бойынша қарастырудың нәтижесі.....	21
Кесте 6. «Қазіргі уақытта сіздің үй шаруашылығыңыздағы негізгі табысты кім қамтамасыз етеді (сіздің отбасыңыздағы ең көп ақшалай кіріс кім жасайды)?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	26
Кесте 7. Ерлер мен әйелдердің әлеуметтік - кәсіби статустары.....	28
Кесте 8. «Сіздің тұлға болып қалыптасуыңызға ең жақын адамдарыңыздан кім әсер етті?» сұрағына жауаптардың нәтижесі.....	40
Кесте 9. «Сіздің жұбайыңыз/жолдасыңыз жұмыс істейді ме?» сұрағына жауаптардың таларуы	65
Кесте 10. Респонденттердің отбасыларындағы балалар санының таралуын көрсету	89

СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

Сурет 1. «Сіздің отбасылық өміріңіз қалай басталды?» сұрағына жауаптар.....	18
Сурет 2. «Сіздің тұрмысқа шығуыңызға/үйленуіңізге кім ықпал етті?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	20
Сурет 3. Отбасылық ерлер мен әйелдердің діндарлықтарының деңгейі	21
Сурет 4. Респонденттердің діндарлық деңгейлері аймақтар бойынша	22
Сурет 5. Ерлер мен әйелдердің үй шаруашылықтарының қаржылық жағдайлары.....	24
Сурет 6. Отбасылардың үй жағдайлары	25
Сурет 7. «Сіз тұрып жатқан пәтер/үй Сізге тиесілі ме, яғни Сіздің жеке мүлігіңіз бе?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	25
Сурет 8. «Менің жұмыс және жұмыспен қамтылуым әдетте қалыпты жағдайда» тұжырымына қатысты жауаптардың нәтижесі	29
Сурет 9. «Мен маусым бойынша немесе мезгілді жұмыстар атқарамын» тұжырымына қатысты жауаптардың нәтижесі	29
Сурет 10. «Мен әдетте жұмыстың болмауы немесе табыстың аз болуы себебінен күйзеліске ұшыраймын» тұжырымына қатысты жауаптардың нәтижесі.....	30
Сурет 11. «Әдетте менде жұмыстың көп болуы салдарынан көп күйзеліске ұшыраймын» тұжырымына қатысты жауаптардың нәтижесі.....	31
Сурет 12. «Егер сіз өз әкеңізбен бірге тұрмаған болсаңыз, онда Сіздің есею кезіңіздегі өміріңізде әкелік ролді атқарған, басқа ер адамдар болды ма?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	32
Сурет 13. «Менің әкем немесе анаммен бірге тұратын ер адам анама үнемі құрметпен қараған» сұрағына қатысты жауаптардың нәтижесі.....	33
Сурет 14. «Менің анам ,менің әкеме немесе өзімен бірге тұратын ер адамға әрдайым құрметпен қараған» сұрағына қатысты жауаптардың нәтижесі	33
Сурет 15. Респонденттердің ата-аналарының отбасыларында ерлердің көмек көрсетулері сұрағы бойынша жауаптар	35
Сурет 16. «Сіз немесе Сіздің бауырларыңызға қатысты мәселелер (мектепте оқу, үйірмелерге бару, т.б.) бойынша соңғы шешімді отбасыңыздан кім қабылдады?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	37
Сурет 17. «Сіздің отбасыңызда тамаққа және киім сатып алуға қаржыны жұмсауға байланысты сұрақтар бойынша шешімді кім қабылдады?» сұрағына жауаптардың нәтижесі.....	38
Сурет 18. «Сіздің отбасыңызда ірі техника сатып алу, ол дегеніміз тұрмыстық техника, көлік, үй сатып алуға қаржыны жұмсауға байланысты сұрақтар бойынша шешімді кім қабылдады?» сұрағына жауаптардың нәтижесі.....	38
Сурет 19. Респонденттердің кәмелет жасына дейінгі кезеңдерінде отбасында істеуге үйретінген жұмыстар түрлерін анықтау бойынша сұрақтың нәтижесі	39
Сурет 20. Ерлер мен әйелдер үшін отбасылық қарым-қатынастардың үлгілері.....	41
Сурет 21. Әйелдердің пікірінше идеалды әкенің сипаттамалары	42
Сурет 22. Ерлердің пікірлері бойынша идеалды анада болуы керек қасиеттер.....	43

Сурет 23. «Әйелдер ерлер сияқты теңдей құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуы керек» сұрағына жауаптардың нәтижесі.....	45
Сурет 24. «Әйелдер ерлер сияқты теңдей құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуы керек» тұжырымына қатысты жауаптардың ерлердің діни ұстанымы бойынша қарастыру көрсеткіштері.....	46
(n=1096).....	46
Сурет 25. «Әйелдер мен ерлерге қатысты қарым- қатынастар тең болуы керек» деген тұжырымға қатысты пікірлер.....	46
Сурет 26. «Әйелдер мен ерлерге қатысты қарым- қатынастар тең болуы керек» деген тұжырымға қатысты пікірлерлерді ерлердің діни ұстанымы шеңберінде қарастыру (n=1096)..	47
Сурет 27. «Жақсы әйел күйеуінің пікірі мен шешімдерімен келіспейтін болса да, оның айтқанын теріске шығармай, қабылдайды» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері	48
Сурет 28. «Жақсы әйел күйеуінің пікірі мен шешімдерімен келіспейтін болса да, оның айтқанына күмәнданбайды» тұжырымы бойынша барлық респонденттердің пікірлерін, олардың дінді ұстану деңгейлері бойынша қарастыру.....	49
Сурет 29. «Бала күтімі – ананың міндеті» тұжырымы бойынша пікірлер.....	49
Сурет 30. «Бала күтімі – ананың міндеті» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлерін олардың дінді ұстануларының деңгейлері бойынша қарастыру.....	50
Сурет 31. «Ер адам өз үйінде шешім қабылдауда соңғы сөзді өзі айтуы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері.....	51
Сурет 32. «Ер адам өз үйінде шешім қабылдауда соңғы сөзді өзі айтуы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлерін ерлердің дінді ұстану деңгейлері бойынша қарастыру (n=1096).....	51
Сурет 33. «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері.....	52
Сурет 34. «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» тұжырымы бойынша ерлердің дінді ұстану деңгейлері бойынша пікірлері (n=1096).....	53
Сурет 35. «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері олардың тұратын аймақтарының статустары бойынша көрсетілуі.....	54
Сурет 36. «Ерлер үй шаруасын әйелдермен бөлісіп істеулері керек, мысалы, ыдыс жуу, үйді тазалау немесе тамақ дайындау» тұжырымы бойынша пікірлер.....	55
Сурет 37. «Ерлер үй шаруасын әйелдермен бөлісіп істеулері керек, мысалы, ыдыс жуу, үйді тазалау немесе тамақ дайындау» тұжырымы бойынша ерлердің пікірлерін олардың дінді ұстану деңгейлері бойынша қарастыру (n=1096).....	56
Сурет 38. «Әйелдер бала тәрбиесімен және үй шаруаларымен айналысуы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің келісу деңгейлері.....	56
Сурет 39. «Әйелдер бала тәрбиесімен және үй шаруаларымен айналысуы керек» тұжырымы бойынша ерлердің пікірлерін олардың дінді ұстану деңгейлері шеңберінде қарастырудың нәтижесі (n=1096).....	57
Сурет 40. «Қазақстанда ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері тең» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері.....	57

Сурет 41. «Қазақстанда ерлер мен әйелдердің теңдігін орнату үшін, әліде алдағы уақыттарда жұмыстар атқару керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері	58
Сурет 42. «Қазақстанда ерлер мен әйелдердің теңдігін орнату үшін әліде алдағы уақыттарда жұмыстар атқару керек» тұжырымы бойынша ерлердің пікірлерін олардың дінді ұстану деңгейлері бойынша қарастыру (n=1096).....	59
Сурет 43. «Қазақстанда ерлер мен әйелдердің теңдігін орнату үшін әліде алдағы уақыттарда жұмыстар атқару керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлерін аймақтар бойынша қарастыру.....	60
Сурет 44. «Сіздің және сіздің күйеуіңіздің/әйеліңіздің білім деңгейлеріңіз қандай?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	61
Сурет 45. Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарын өзіндік бағалаулары	62
Сурет 46. «Сіз соңғы рет қашан өзіңіздің өмірлік мәселелеріңіз жөнінде жұбайыңыз/жарыңызбен сөйлестіңіз?» сұрағы бойынша жауаптардың көрсеткіштері	63
Сурет 47. «Сіздің жұбайыңыз/жолдасыңыз жұмыс істей ме?» сұрағының жауаптары бойынша топтастырылған ақпарат.....	65
Сурет 48. «Сіз өзіңіздің жұбайыңыздың бұндай еңбекпен қамтылу мәртебесіне қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	66
Сурет 49. «Сіздің отбасыңызда тамақ және киім сатып алуға жұмсалатын ақша туралы соңғы шешімді кім қабылдайды?» сұрағы бойынша жауаптар.....	67
Сурет 50. «Сіздің отбасыңызда ірі, көлемді (тұрмыстық техника, жиназ, көлік, үй) сатып алу туралы соңғы шешімді кім қабылдайды?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	67
Сурет 51. «Сіздің отбасыңызда отбасылық демалысты, достар немесе туыстармен демалыс уақытын өткізуге жұмсалатын қаржыны жұмсау туралы соңғы шешімді кім қабылдайды?» сұрағы бойынша жауаптардың нәтижесі.....	68
Сурет 52. Әйелдердің пікірлері бойынша идеалды күйеулердің сипаттамалары	70
Сурет 53. Ерлердің пікірлері бойынша мінсіз жұбайды/әйелді сипаттайтын қасиеттер.....	71
Сурет 54. Отбасылық өмірдің негізгі мәселелері, n(ер) =523 және n(әйелдер) =687	72
Сурет 55. «Сізге немесе Сіздің жұбайыңызға үй жұмыстары бойынша, мысалы, жинастыру, ас даярлау, балаларды тәрбиелеуде әдетте жиі кім көмектеседі?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	78
Сурет 56. «Сіздің пікіріңізше, Сізге жұбайыңыз үй шаруашылығы бойынша және балаларға күтім жасау бойынша қаншалықты жиі көмектесуі керек деп ойлайсыз?» сұрағы бойынша жауаптардың нәтижесі	79
Сурет 57. «Сіздің үй шаруашылығыңыздағы көрсетілген келесі міндеттер Сіздің отбасыңызда қалай бөлінеді?» сұрағына жауаптардың нәтижесі.....	81
Сурет 58. «Сіздің үй шаруашылығыңыздағы көрсетілген келесі міндеттер Сіздің отбасыңызда қалай бөлінеді?» сұрағына ерлердің жауаптарының нәтижесі.....	82
Сурет 59. «Сіз жүкті болған кезіңізде Сізге жұбайыңыз (Сізге күтім жасау, үй жұмыстарын атқару) көмектесті ме?» сұрағына әйелдердің жауаптарының нәтижесі.....	83
Сурет 60. Респонденттердің үй шаруашылығы бойынша қызметтерді бөліп істеуді бағалаулары	83
Сурет 61. «Жұмыстардың осындай етіп бөлінуіне Сіз қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	84

Сурет 62. «Сіздің пікіріңізше, Сіздің жұбайыңыз қызметтердің осындай етіп бөлініп, істелуіне қанағаттанады ма?» сұрағына жауаптар	85
Сурет 63. «Сіз өзіңіздің демалыс уақытыңызды қалай өткізгеніңізді қалайсыз?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	87
Сурет 64. «Ақиқатында, Сіз өзіңіздің демалыс уақытыңызды қалай өткізесіз?» сұрағы жауаптардың нәтижесі	88
Сурет 65. «Күнделікті балаларға кім күтім жасайды?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	89
Сурет 66. «Балалар ауырып қалған кезде, балалардың жанында кім қалады?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	90
Сурет 67. «Балаларды кім балабақшадан/ мектептен алып кетеді?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	90
Сурет 68. «Балаларды кім үйірмелерге/қосымша сабақтарға апарып жүреді?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	91
Сурет 69. 5 жасқа дейінгі балалары бар әкелердің балаларына күтім жасау мен тәрбиелеу жұмыстарына қатысуларының жиіліктері	92
Сурет 70. 6 жастан 17 жасқа дейінгі балалары бар әкелердің бала тәрбиесі мен күтіміне қатысуларының жиіліктері	93
Сурет 71. Ерлер арасында кең таралған тұжырымдар	94
Сурет 72. «Өзіңізбен бірге тұрмайтын балаңызбен аптасына қанша күн кездесесіз?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	97
Сурет 73. «Сіз өзіңіздің балаларыңызға алимент төлейсіз бе?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	97
Сурет 74. «Сізбен бірге тұрмайтын балаларыңызға, алименттен басқа да қаржылай көмектер мен қолдаулар жасап, төлеп тұрасыз ба?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	98
Сурет 75. «Сіз соңғы рет қашан медициналық қызметтер мен көмектерді алу үшін көп салалы клиникаға, ауруханаға жүгіндіңіз?» сұрағы бойынша жауаптар	99
Сурет 76. «Сіз соңғы рет қашан медициналық қызметтер мен көмектерді алу үшін көп салалы клиникаға, ауруханаға жүгіндіңіз?» сұрағының жауаптарын респонденттердің тұратын елді-мекендерінің мәртебесі (қала, ауыл) қарастыру бойынша нәтиже	99
Сурет 77. Медициналық қызметтерге жүгінудің себептері.....	100
Сурет 78. Ерлердің ішінде жастық топтары бойынша олардың арасындағы қуық асты обырына бақылаудан өткендерін анықтаудың нәтижесі	101
Сурет 79. Ерлердің физикалық және психологиялық денсаулықтарында болатын мәселелердің жиілігі	102
Сурет 80. «Сіздің ойыңызша, болашақ сәбидің жынысы кімге байланысты – әкеге ме, әлде анаға ма?» сұрағына жауаптардың нәтижесі	105
Сурет 81. «Соңғы 12 айдың ішінде қаншалықты Сізде жиі депрессия жағдайы болды?» сұрағы бойынша нәтиже	107
Сурет 82. «Соңғы 12 айдың ішінде қаншалықты Сізде жиі күйзеліс жағдайы болды?» сұрағы бойынша нәтиже	108

Отбасы барлық уақыттарда да қоғамдық құрылымның басты бөлшегі, негізгі іргелі әлеуметтік институттардың бірі, ол халықтың ұдайы өндірісі мен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуші. Отбасы, неке, ата-аналық мәселелердің барлығы әлеуметтік, гуманитарлық, демографиялық және басқа да ғылым салаларының, сонымен қоса қоғамдық бірлестіктердің зерттеу назарларында. Айта кететін өзгерістердің бірі ол «Егер бұрын әлеуметтанушылар отбасының құндылығын, неке тек әйелдерге арналғанын әйелдер тұсынан қарастырған, отбасы мәселелерін әйелдерді зерттеу аясында көтерсе, енді ер адамдар үшін неке, әкелік, отбасылық қарым-қатынастар мен мәселелері бұрынғыдан да маңызды екені белгілі болды. Бұл жерде ата-аналық моногамдық отбасын тарихи түрде пайда болған мәдени құбылыс ретінде түсіндіреді, оның мәні ер адамның өз балаларын күтіп-бағу және тәрбиелеу жауапкершілігін алуға дайындығы болып табылады»¹. Осыған орай аталған демографиялық тенденциялар басқа да мемлекеттермен қоса Қазақстанда да жиі кездесіп отыр, ол өз кезегінде моноата-аналық отбасылардың санының өсуіне алып келеді. Аталған жағдайдың орын алуы балалары бар отбасылардың ажырасуларынан, некеден тыс туылған балалардың санының өсуінен, экономикалық белсенді жастағы халықтың қайтыс болуы салдарынан орын алатын жағдай екені анықталған. Жалғыз басты әйел түсінігі тек әйелдерге қатысты статус емес, сонымен қоса жасы мен әлеуметтік статусына байланысты емес ерлерде де болатын жағдай. Осылай аталып отырған тақырыптың өзектілігін де көреміз, ол өз кезегінде отбасы түрлері мен ерлі-зайыптылардың ата-аналық жұмыстарды орындауында зерттеуді талап етіп отыр.

Отбасы институты, отбасылық қарым-қатынастар құндылықтары Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының бақылауында. ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау Министрлігі және БҰҰ агенттігінің «Қазақстандағы гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтарын кеңейту және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою жөніндегі кешенді бағдарлама», отбасылық өмірге ер адамдарды тарту құрылымы бойынша, ЮНФПА РҚБ «Әкелер одағының» қатысуымен жоба жүзеге асырылған, ол 2019-2020 жылдары аралығында «Ерлерге арналған нұсқаулық, саналы түрде күйеу және әке болу» кітабы алғаш рет қазақ және орыс тілдерінде аударылып шығарылған болатын, соған қоса осы бойынша саналы әкелік және жар болуға негіз болатын тренингтер жүйесі құрастырылған. Қазақ және орыс тілдерінде облыстық семинарлар сериясы өткізілді. Қазақстанның барлық аймақтарында ер адамдарды отбасылық өмірге тарту бағдарламаларын одан әрі дамыту үшін өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, қазіргі жағдайды түсініп бағалап, алдағы уақытта жаңа бағдарламаларды құрастыру керек. Ол үшін Қазақстанның әртүрлі аймақтарында ерлердің отбасылық өмірге араласу дәрежесін сондай-ақ Қазақстандағы жалғызбасты әкелердің мәселелерін бағалау және кеңейту үшін ұлттық социологиялық зерттеу жүргізу қажет болды.

¹ Михеева А. Р. Брак, семья, родительство: социологические и демографические аспекты: Учеб. пособие / Новосиб. гос. ун-т. Новосибирск, 2001. 74 с.

Зерттеу мақсаты – Қазақстандағы ерлердің рөлін, олардың отбасылық өмірге және бала тәрбиесіне қатысу дәрежесін зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Зерттеу нысандарының әлеуметтік- демографиялық сипаттамаларын зерттеу;
2. Ерлер мен әйелдердің ата-аналық отбасыларындағы қарым- қатынастарды бағалау;
3. Қазіргі кездегі отбасыларындағы өзара қарым- қатынасты және гендерлік теңдікке деген көзқарастарын анықтау, зерттеу;
4. Ерлердің әкелік істерге қатысуы мен олардың балалар күтіміне қатысты әрекеттерінің деңгейлерін анықтау;
5. Тұрмыстағы әйелдердің Қазақстандағы ерлердің отбасы істері мен олардың бала тәрбиесіне қатысулары жайлы пікірлерін анықтау және бағалау.
6. Отбасылық бюджетті жүргізу тәжірибелерін зерттеу әрі бағалау және ерлердің әйелдерінің жұмыспен қамтылуларына қатысты пікірлерін анықтау;
7. Ерлердің денсаулық жағдайларын анықтау, соның ішінде олардың жыныстық-репродуктивті денсаулық жағдайларын анықтау;
8. Моноата-аналық әкелік отбасылардағы кәмелет жасына толмаған балаларды тәрбиелейтін ерлердің мәселелері мен қажеттіліктерін анықтау, зерттеу;

Зерттеу нысаны:

Қазақстанда тұратын 18 жастан 63 жасқа дейінгі әйелдер мен ерлер. Отбасылық статустарына байланысты емес, кәмелет жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін ерлер. Кәмелет жасына толмаған балаларды тәрбиелейтін заңды/ азаматтық некеде тұратын әйелдер.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістемесі кешенді тәсілді – сандық және сапалық зерттеулерді жүргізуді қамтиды. Бұл әдістер жобаның алға қойған мақсаты мен міндеттеріне жетуге ықпал етеді.

Зерттеу мақсатына жету үшін зерттеуде сандық әдіс қолданылды – жеке стандартталған сауалнама әдісін қолдануды қамтамасыз етеді, ол бойынша біз зерттеп отырған мәселелердің таралу ауқымымен, зерттеліп отырған параметрлердің мәнін бағалауға мүмкіндік аламыз. Сандық зерттеулер бір жолмен ойлайтын, әрекетімен жауап беретін немесе әрекет ететін адамдардың пайызын (таралуын) анықтай алады. Сандық зерттеуді «статистикалық» зерттеу деп те атайды. Үлкен іріктеу көлемінен алуға болатын пайыздар статистикалық негізделген қорытындылар үшін негіз болып табылады. Әдетте, мақсатты аудитория туралы ақпаратты жинау, қажеттіліктер мен талаптарды бағалау ең дәл ақпаратты алу үшін сапалық және сандық әдістерді бірге қолдануды қамтиды.

Сондай-ақ сапалы әдіс қолданылды – тереңдетілген сұхбат. Тереңдетілген сұхбат (In depth Interviewing) деп алдын ала белгіленген жоспар бойынша жүргізілетін және

респонденттерді қызықтыратын ұзақ және егжей-тегжейлі дәлелдеуге итермелейтін әдістерді қолдануға негізделген сұхбат алушыны қызықтыратын сұрақтар бойынша респондентпен бейресми, еркін нысандағы әңгімелесу болып табылатын құрылымдалмаған, тікелей және жеке сұхбат түрі болып табылады. Тереңдетілген сұхбат сұрақтарға егжей-тегжейлі жауаптар түрінде респонденттің беделді пікірін алуды және ресми сауалнаманы толтыруды қамтиды. Дәл осы зерттеу түрі сұхбат барысында жауапты анықтаған мотивтерге ерекше назар аударуға және сараптамалық бағалаудың нақты бейнесін қалыптастыратын қосымша сұрақтар қоюға мүмкіндік береді. Сапалық зерттеу респонденттердің пікірлерін, олардың сенімдерін және олардың сезімдерін талдау негізгі мақсат болған кезде жүргізіледі. Сапалық зерттеу мәселені талдауға қызмет етеді. Бұл мақсатты аудиторияда бар әртүрлі позициялар мен мінез-құлықтар және оның артында не жатқаны туралы түсінік алуға көмектеседі.

Осыған сай, аталмыш жобада екі түрлі зерттеу әдістері қолданылған болатын:

- Зерттеудің сандық әдісі, F2F әдісі бойынша стандартталған анкета бойынша жеке сауалнама. Сауалнамаға зерттеу нысанында айтылған барлық нысандар (әйелдер мен ерлер) әртүрлі отбасы түрлерінен қатысқан.
- Сапалық әдіс зерттеу нысандары арасында тереңдетілген сұхбаттарды жүргізуге қолданылған.

Іріктеу

- Сандық әдіс – таңдалған елді мекендердегі маршрут/көшелер блогы бойынша іріктеу арқылы негізгі үлгідегі 1000 ер адамнан, жалғыз басты әкелерден 100 ер адамнан сауалнама алынған. Жалғызбасты әкелерді сұрауда «қар кесек» принципі бойынша іріктеу әдісі қолданылған. Барлығы 1100 ер респондент (Қазақстан Республикасының қала және ауыл тұрғындары).
- Сандық әдіс – таңдалған елді мекендердегі маршрут/көше блоктары бойынша таңдау арқылы 1000 әйелден сұхбат алу.
- Жалпы іріктеу: 2100 респондент. Негізгі іріктеменің (2000) өңірлер мен елді мекен түрлері бойынша бөлінуі 1-кестеде келтірілген. Саны облыс халқының жалпы елдегі халық санындағы үлесіне жақын, бірақ сонымен бірге ол жұп санға шамамен жуықтап респонденттерге сауалнама жүргізу үшін әр өңірде және елді мекен түрінен 50% ер адамдар мен 50% әйелдер іріктелініп алынған. 100 жалғызбасты әкелердің қосымша үлгісі әр облыс бойынша саны бойынша нақты бөлусіз, барлық аймақтарға таратылған, ол бойынша аймақтарға жұмсақ квота белгіленді - бір облысқа 5–6 жалғызбасты әке сұралған.
- Сапалық әдіс – некеде тұрған ерлер мен әйелдер, жалғызбасты әкелер және қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік органдар өкілдерінің сарапшыларымен 16 тереңдетілген сұхбат жүргізілген.

Респонденттерді іріктеу

Іріктемеде көрсетілгендей қалалық, облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда сауалнама жүргізілді. Қала және ауыл тұрғындары толық зерттеуде қамтылды. Ауылдық респонденттерге сауалнама жүргізу үшін әр облыстағы ауылдар тізімінен ауылдар кездейсоқ таңдалды. Көшелер мен бастапқы үйлер де елді-мекеннің толық қамтылуын ескере отырып, әрбір зерттеу нүктесінде кездейсоқ таңдалды. Әр үй шаруашылығында бір респондентпен сауалнама жүргізілді.

Ақпараттарды жинау әдістері:

- Сандық әдіс – планшеттерде арнайы орналастырылған бағдарламалар арқылы жекеленген стандартталған сауалнама.
- Сапалық әдіс – тереңдетілген сұхбат, сұхбат үнтаспаға жазылған.

Зерттеу құралдары

- Сандық әдіс – сұхбат сауалнамасы халықаралық International Men and Gender Equality Survey (IMAGES) жобасы негізінде құрастырылып бейімделген.
- Сапалық әдіс – тереңдетілген сұхбаттың нұсқаулығы зерттеудің негізгі сұрақтарын ескере отырып, зерттеу мақсаттарын орындау үшін жасалынған.

Зерттеу географиясы

Зерттеумен Қазақстан Республикасының 17 аумағы – 14 обласы, 3 республикалық маңызы бар қалалары: Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары қамтылған.

Кесте 1. Респонденттерді Қазақстан аймақтары бойынша бөлу

	Барлығы	Қалалық тұрғындар	Ауылдық тұрғындар	Анкета саны			Ауыл саны
				Барлығы	Қала	Ауыл	
Қазақстан Республикасы	100%	58%	42%	2000	1168	832	36
Орталық аймақтар							
Ақмола облысы	4%	47%	53%	80	40	40	2
Қарағанды облысы	7%	80%	20%	150	120	30	2
Нұр-Сұлтан қаласы	6%	100%	0%	120	120	0	-
Батыс аймақтар							
Ақтөбе облысы	5%	71%	29%	94	70	24	1
Атырау облысы	3%	52%	48%	70	36	34	2
Батыс-Қазақстан облысы	4%	52%	48%	70	36	34	2
Маңғыстау облысы	4%	40%	60%	74	30	44	2
Шығыс аймақтар							
Шығыс-Қазақстан облысы	7%	62%	38%	150	90	60	3
Солтүстік аймақтар							
Қостанай облысы	5%	55%	45%	94	52	42	2
Павлодар облысы	4%	71%	29%	80	56	24	1
Солтүстік-Қазақстан облысы	3%	46%	54%	60	28	32	2
Оңтүстік аймақтар							
Жамбыл облысы	6%	40%	60%	122	48	74	3
Қызылорда облысы	4%	44%	56%	86	38	48	2
Түркістан облысы	11%	20%	80%	216	42	174	6
Шымкент қаласы	6%	100%	0%	110	110	0	-
Алматы облысы	11%	22%	78%	220	48	172	6
Алматы қаласы	10%	100%	0%	204	204	0	-

Терең сұхбат

Тереңдетілген сұхбатты кәсіби модераторлар әр санат бойынша сұхбат сұрақтары бар келісілген сұрау тізімі (гайд) бойынша жүргізді, барлығы гайдтардың 4 түрі әзірленді. Тереңдетілген сұхбатқа қатысушылар әртүрлі параметрлерді ескере отырып, әртүрлі аймақтардан кездейсоқ таңдалды. Барлығы 16 тереңдетілген сұхбат жүргізілді:

- ✓ Оның ішінде 5 ер - кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты әкелер (елді мекен түрін, ұлтын, білім деңгейін және басқа да параметрлерді ескере отырып);
- ✓ 3 ер және 3 әйел, олар некеде тұратын, кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырғандар (балалар саны әртүрлі, әртүрлі жастағы, білім және басқа да параметрлерді ескере отырып таңдалған).
- ✓ 5 сарапшы, олар ҰЕҰ, мемлекеттік органдардың қызметкерлері.

Далалық жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету

Мақсаты зерттеуге респонденттерді іріктеудің дұрыстығын, сондай-ақ қажетті рәсімдердің сақталуын (жеке сұхбат алу, барлық сұрақтарды оқу және т.б.) сұхбаттасу фактісін анықтау үшін 100% бақылау ұйымдастырылды:

- 80% сұхбат жазбасын тыңдау;
- 10% телефондық бақылау;
- 100% сауалнамалардың дұрыс, толық толтырылуын тексеру.

Сұхбат алушылар үшін тренинг

Сандық зерттеудің далалық кезеңіне дейін жобаға қатысқан барлық интервьюерлер үшін тренинг өткізілді. Тренинг барысында интервьюерлер:

- Зерттеу мақсаттары мен міндеттерімен танысты, сауалнама мен сұхбат алу үйретіліп, таныстырылды;
- Респонденттерді таңдау және іріктеу ережесімен таныстыру;
- Респонденттермен жұмыс істеуде қажетті дағдылар игерілді.

Тренинг барысында әрбір интервьюер сауалнаманы арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуде сынақтан өткізді, туындаған барлық сұрақтар нақтыланып, талқыланды. Тренингтен кейін әрбір интервьюер сауалнаманы жақсырақ түсіну үшін сауалнаманы қайтадан өтті. Зерттеуге ең тәжірибелі және кәсіби интервьюерлер тартылған. Далалық зерттеу жұмыстарын бақылауды жүргізген ҚПЗО аймақтық жетекшілері мен жоба менеджерлерінің бақылауымен жүргізілді. Бақылау жұмыстары және сұхбаттасу кезінде жазылған аудиожазбалар тыңдалды.

Этикалық сұрақтар

Зерттеуге қатысу үшін респонденттерге берілген ақпараттық келісім

Ақпараттандырылған келісім нысанында зерттеудің мақсаты, сұхбатқа қатысудың тәуекелдері мен пайдасы, құпиялылық пен ерікті қатысу туралы ақпарат көрсетіледі. Модератор/интервьюерлер келісім нысанының мәтінін ауызша түсіндірді

және қатысушылар зерттеудің мақсатын түсінгеннен кейін олардың әрқайсынан оған қатысуға келісім алынады. Барлық респонденттерге олардың қатысуы ерікті екендігі туралы хабарланды; жеке деректер пайдаланылмайтындығы, тек респонденттер туралы ақпараттардың жалпылама ақпарат ретінде болатындығы, сонымен қатар барлық жиналған ақпарат құпия болып табылатындығы және басқа адамдарға белгілі болмайтындығы айтылды.

Зерттеу әдетте жазбаша келісім талап етілетін процедураларды қамтымайды, сондықтан тек ауызша ақпараттандырылған келісімді алумен шектелген.

Ақпараттардың құпиялығы

Зерттеуге қатысу ерікті түрде болды, барлық қатысушылардан ауызша ақпараттандырылған келісім алынды. Респонденттердің жеке деректері сауалнамаларда және зерттеу есебінде жазылмайды. Әрбір респондентке бірегей сәйкестендіру коды беріледі. Барлық сұхбат жазбалары транскрипцияланды және кодталды. Барлық сұхбаттардың қорытындылары жалпылама түрде шығарылды.

Отбасылық ерлер мен әйелдердің әлеуметтік-демографиялық мінездемелері

Дала жұмыстарын орындау кезінде жұмысының нәтижесінде сауалнамаға 2125 респондент қатысты, оның ішінде 1029 әйел және 1096 ер адам, ерлер мен әйелдер әртүрлі үй шаруашылықтарының өкілдері. Респонденттердің жасы бойынша сипаттама статистикасының көрсеткіштері ерлер мен әйелдердің іріктемесінің айырмашылығы жоқ екенін көрсетеді: сұралған ерлердің орташа жасы 39,34 жас (Std.dev.8.85), әйелдер - 39.34 жас (Std.dev.8.8); ерлер үшін ең төменгі жас - 19 жас, әйелдер үшін - 18 жас; ерлер үшін ең жоғары жас - 65 жас, әйелдер үшін - 61 жас. Респонденттерді жас және этникалық топтар, білім деңгейі және елді мекен түрі бойынша бөлу 2-кестеде көрсетілген. Этникалық құрамы Қазақстан Республикасының ресми статистикасының деректеріне жақын. Білім деңгейіне сәйкес әртүрлі білім деңгейіндегі азаматтар зерттеуде қамтылған. Әрі қарай талдау үшін білім деңгейінің ауыспалы мәні қайта кодталды, онда топтарды біріктіру және кеңейту үшін үш топ құрылды: бастауыш, толық емес орта және орта – бір топқа: «Орта және одан төмен» тобына енгізілді; орта арнаулы/ кәсіби және толық емес жоғары – «Орта арнайы/кәсіби»; жоғары және ғылыми дәрежесі бар топ үшінші «Жоғары» топқа енгізілді.

Кесте 2. Сауалнамаға қатысушылардың әлеуметтік- демографиялық мінездемелері

		Ерлер		Әйелдер	
		п	%	п	%
Гендер		1096	100%	1029	100%
Жастық топтар	18–29 жас	150	14%	133	13%
	30–39 жас	380	35%	354	34%
	40–49 жас	394	36%	377	37%
	50 жас және одан жоғары	172	16%	165	16%
Этникалық топтар	Қазақстар	711	65%	654	64%
	Орыстар	271	25%	253	25%
	Басқа этностар	114	10%	122	12%
Білім деңгейі	Бастауыш	1	0,1%	1	0,1%
	Аяқталмаған орта	15	1,4%	14	1,0%
	Орта	283	26%	212	21%
	Орта кәсіби	403	37%	315	31%
	Аяқталмаған жоғары	18	2%	15	2%
	Жоғары	369	34%	467	45%
	Ғылыми дәрежесі барлар	7	0,6%	5	0,5%
Елді-мекен типі	Қала	660	60%	608	59%
	Ауыл	436	40%	421	41%

Респонденттердің отбасылық жағдайларының әлеуметтік- демографиялық тұстары

Бұл зерттеудің нысаны некеде тұрған (ресми немесе бейресми) ерлер мен әйелдер, сонымен қоса зерттеу нысаны кәмелетке толмаған балаларын өз бетінше тәрбиелеп отырған ажырасқан және жесір қалған ер адамдардың жағдайын зерттеуге негізделген. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ерлер мен әйелдердің орта есеппен 13%-ға жуығы серіктестікте, яғни тіркелмеген некеде тұратыны анықталды. Жалпы, респонденттердің отбасылық жағдайына қатысты жағдай мынадай:

- Ерлердің іріктеуінде: 81% ресми некеде, 10% серіктестікте, 6% ажырасқан, 2,5% жесір қалған. Соңғы екі санаттағы ер адамдар кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отыр.
- Әйелдер іріктеуінде: 86% ресми тіркелген некеде, 14% серіктестік қарым-қатынаста тұратындықтары анықталды.


Зерттеуге сәйкес, елімізде әрбір бесінші неке (20%) қыз алып қашудан басталатын болса, көп жағдайда (18%) бұл тараптардың өзара келісімімен болған. Бұл ретте отбасылардың 2%-ға жуығы өз өмірін қалыңдықтың келісімінсіз қыз алып қашу

дәстүрімен бастайтындықтары анықталған. Көрсетілген әдет-ғұрыптарға қатысты елді мекеннің түрі мен этникалық тегі бойынша айырмашылықтар бар:

- ❖ Қыз алып қашу оқиғалары қалаларға қарағанда ауылдарда жиі кездеседі: «неке қалыңдықтың келісімімен қыз алып қашудан басталған» деген жауаптарды ауыл тұрғындарының 27%-ы және қала тұрғындарының 11%-ы атап өтті; ал некенің олардың келісімінсіз қыз алып қашудан басталғандығы туралы жауаптарды қалалық респонденттердің 1,4% және ауыл тұрғындарының 2,5% атап өтті.
- ❖ Сондай-ақ, бұл жағдайлар басқа ұлт өкілдеріне қарағанда қазақ ұлтының азаматтары арасында кең таралған: «неке екі жақтың келісімімен қалыңдықты алып қашудан басталған» деген жауаптарды респонденттердің 26%-ы қазақ этносы, 0,6%-ы орыстар және 6% басқа ұлттардың өкілдері айтқан. Ал некенің қалыңдықтың келісімінсіз алып қашу туралы жауаптарды респонденттердің 2,7%-ы қазақ ұлты, 0,2%-ы орыс ұлты және 0,4%-ы басқа ұлт өкілдері атап өткен.

Басқа да әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар тұрғысында статистикалық маңызды айырмашылықтар байқалмайды, бұл қалыңдықты ұрлау азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан орын алатынын көрсетеді. Қалың ұрлау жағдайлары орта есеппен барлық жас топтарында 17% тіркеледі, осылайша бұл құбылыс халықтың барлық ұрпақтарында байқалады.

Жалпы, халықтың 5%-ға жуығы отбасылық өмірін діни неке немесе үйлену тойынан бастаған. Әрбір оныншы отбасының дерлік (9-11%) ресми тіркеусіз бірге өмір сүретіні де анықталды. Қазақстандықтардың басым бөлігі (64% -66%) отбасылық өмірді некелерін ресми тіркеуден бастайды (1-сурет).



Сурет 1. «Сіздің отбасылық өміріңіз қалай басталды?» сұрағына жауаптар

Респонденттердің абсолютті көпшілігі (87%) бірінші некеде, әрбір оныншы (12%) дерлік екінші некеде және шамамен 1% үшінші некеде тұратындықтары анықталды (3-кесте).

Кесте 3. Некелерінің саны туралы сұраққа жауаптарды бөлу

		Ерлер		Әйелдер		Барлық респонденттер	
		n	%	n	%	n	%
Барлығы		1096	100%	1029	100%	2125	100%
Неке саны	1	946	86%	899	87%	1845	87%
	2	137	12,5%	119	12%	256	12%
	3	13	1%	11	1%	24	1%

Жалпы респонденттердің шамамен 1,3%-ы кәмелеттік жасқа толмағанға дейін (18 жас) некеге тұрған. Әйелдер арасында ерте некеге тұру жиі кездеседі: 0,7% (7 респондент), олар 16 жаста некеге тұрған және 1,8% (19 респондент) 17 жаста некеге тұрған. Ерлер арасында 3 респондент (0,3%) алғаш рет 17 жасында некеге тұрғанын атап өтті.

Статистикалық талдау, атап айтқанда Оорталық тренд көрсеткіштері әйелдер арасында некеге тұрудың орташа жасы (22,4 жас), ерлер арасында (24,5 жас), ол әйелдерде төмен екенін көрсетеді. Медиана әйелдер арасында (22 жас) ерлерге қарағанда (24 жас) төмен. Сондай-ақ, ең жиі келтірілген жас мәні (Mode) әйелдер арасында (20 жас) ерлерге қарағанда (25) төмен. Бұған 4-кестеде келтірілген сипаттамалық статистика дәлел. Осылайша, сауалнама нәтижелері әйелдердің ерлерге қарағанда ерте жаста некеге тұратынын растайды.


Елді мекен түрі контекстінде де айырмашылықтар байқалады: бірінші некеге тұрудың орташа жасы қала тұрғындарының арасында (23,7 жас) ауыл тұрғындарына (23,2) қарағанда біршама жоғары, бұл қала тұрғындарының отбасын ауыл тұрғындарына қарағанда, сәл үлкен жаста құрайтынын көрсетеді. Басқа белгілер контекстінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды.

Кесте 4. Жас бойынша некеге тұруды көрсететін сипаттамалық статистика

Респондент жынысы	Mean	N	Std.dev.	Min	Max	Mode	Median
Ер	24,5	1096	3,96	17	43	25	24
Әйел	22,4	1029	3,97	16	40	20	22
Барлық респонденттер	23,5	2125	4,10	16	43	20	23

Ерлердің басым көпшілігі (87%) мен әйелдердің (89%) некеге тұру кезінде өз бетінше шешім қабылдағандықтары анықталды. Ата-ананың талабы бойынша отбасын құру әйелдерде (3%), ерлерде (9%) жиі кездескен. Бұған әйелдердің жауаптары да дәлел, өйткені респонденттердің 3,3%-ы күйеу жігіттің ата-анасының талабы бойынша

некеге тұрғанын айтса, ерлер арасында мұндай респонденттердің 0,7%-ы қалыңдықтың ата-анасының талабы бойынша үйленгендіктерін айтып жауап берген. Сондай-ақ, әйелдер арасында күйеу жігіттің талабы бойынша отбасын құрдым деп жауап бергендер екі есе көп (1,4%), қалыңдықтың талабы бойынша некеге тұрағанмын деп жауап берген ерлер – 0,7%. Толық мәліметтер 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. «Сіздің тұрмысқа шығуыңызға/үйленуіңізге кім ықпал етті?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Отбасылық ерлер мен әйелдердің діншілдік деңгейлері

Зерттеу нәтижелері бойынша ерлердің басым көпшілігі (93%) мен әйелдердің (97%) өздерін белгілі бір дінге сенеміз деп санайтыны анықталды. Респонденттердің өздерін қандай да бір конфессияны ұстанушыларға жатқызуы этникалық тегімен тығыз байланысты, бұл сауалнамада да расталды, сауалнамаға қатысқан ерлер мен әйелдердің шамамен 67% исламды ұстанатынын атап өтті. Екінші кең тараған дін – православие, ерлердің 24%-ы, әйелдердің 29%-ы православиелік христиан дінін ұстанушыларға жатады (5-кесте). Басқа діндерді ұстанушылар да анықталды, олардың ішінде кең таралғандары: буддизм, католиктік христиандық, протестанттық сенім және т.б.

Кесте 5. Респонденттерді діни ұстанымдары бойынша қарастырудың нәтижесі


		Ерлер		Әйелдер		Барлық респонденттер	
		n	%	n	%	n	%
Барлығы		1096	100%	1029	100%	2125	100%
Дін	Ислам	740	67,5%	694	67,4%	1434	67,5%
	Православие	264	24%	300	29%	564	26,5%
	Басқа діндер	11	1%	7	0,7%	18	0,8%
	Атеисттер	81	7%	28	3%	109	5%

5-кестедегі деректер атеисттердің (дінге сенбейтіндердің) үлесі барлық іріктеудің шамамен 5% құрайтынын көрсетті. Демографиялық сипаттамалар бойынша талдау атеисттердің ерлер арасында (7%) әйелдерге (3%) қарағанда біршама жиірек екенін көрсетті. Бұл деректер діндарлық деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптардың нәтижелерімен расталады: өздерін мүлде діндар емес деп есептейтіндер ерлер арасында (8%), әйелдерге қарағанда (4%) екі есе көп екендігі анықталды. Әйелдер арасында респонденттердің 67%-ы өздерін әртүрлі дәрежеде діндармын деп есептейтіндерін айтты: 20%-ы қатты діндар және 47%-ы белгілі бір дәрежеде діндар. Ерлер арасында респонденттердің 61%-ы: 19%-ы қатты діндар және 42%-ы белгілі бір дәрежеде діндар. Жалпы некеде тұрған әрбір бесінші ер адам (20%) өзін қатты діндар деп санайды (3-сурет). Діни беріктік/дінге қатты сенуші дегеніміз- адамдардың өз дінінің барлық діни өсиеттерін, жоралғыларын ұстануын және үнемі мешітке/шіркеуге баруын білдіреді.



Сурет 3. Отбасылық ерлер мен әйелдердің діндарлықтарының деңгейі

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстіндегі талдау елді мекен түрі (қала-ауыл) контекстінде және аймақтар контекстінде айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Қатты діндар азаматтар қалаларға (14%) қарағанда ауылдарда (27,4%) екі есе дерлік жиі кездеседі. Өңірлер бойынша діндарлық деңгейі 4-суретте көрсетілген. Мәліметтер көрсеткендей, дінді ұстанатын респонденттер Түркістан (69%), Атырау (51%) және Қызылорда (45%) облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында (41%) жиі кездеседі.



Сурет 4. Респонденттердің діндарлық деңгейлері аймақтар бойынша

Ерлер мен әйелдердің үй шаруашылықтарының қаржылық жағдайлары тұрғысы

Сауалнамаға қатысушылардың үй шаруашылықтарының қаржылық жағдайының өзін-өзі бағалаулары 5-суретте көрсетілген. Ерлер мен әйелдердің жауаптарындағы айырмашылық статистикалық қате шегінде ($\pm 3\%$), бұл сұрақтардың жауаптарында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екенін көрсетеді.

Нәтижелер әрбір оныншы респонденттің (әйелдердің 9% және ерлердің 12%) үй шаруашылығының жақсы материалдық жағдайын атап өткенін, олар ешқандай қаржылық қиындықтарды бастан өткермейтінін көрсетті.

Үй шаруашылықтарының едәуір бөлігінің қаржылық жағдайы орташа деңгейде: әйелдердің 20%-ы және ерлердің 21%-ы «Біздің табысымыз пәтер/үй сияқты қымбат мүлікті сатып алудан басқаның бәріне жетеді», - деп жауап берді, сонымен қатар әйелдердің 19% және ерлердің 25%-ы «Үлкен тұрмыстық техникаға ақша жеткілікті, бірақ біз автокөлік сатып ала алмаймыз» деп жауап берді. Осылайша, әйелдердің 39% және ерлердің 46% өз үй шаруашылығының жағдайын орташа деп бағалады.


Сауалнамаға қатысушылардың үштен біріне жуығы (әйелдердің 31%-ы және ерлердің 26%-ы) олардың қаржылық жағдайының орташадан төмен екенін, табыстары негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға жеткілікті екенін, бірақ оларға үлкен тұрмыстық техниканы (теледидар, тоңазытқыш, кір жуғыш машина) сатып алу қиынға соғатынын атап өткен.

Сонымен қатар, әрбір оныншы үй шаруашылығының қиын қаржылық жағдайы бар екені анықталды. Ол азық-түлікке ақша жеткілікті, бірақ киім-кешек сатып алу күрделі мәселелер туғызады – мұны әйелдердің 14%-ы және ерлердің 12%-ы атап өтті. Үй шаруашылықтарының 5%-ға жуығы аса мұқтаж – тіпті азық-түлікке де ақша жетпейді деген, мұны әйелдердің 5%-ы және ерлердің 3%-ы атап өтті (5-сурет).

Елді мекен түрін қоса алғанда, әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстіндегі талдау аймақтардың контекстінде айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Сауалнамаға сәйкес, материалдық жағдайы қиын отбасылар Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласында жиі кездеседі:


- Қызылорда облысы – респонденттердің 12% «тамаққа да ақша жетпейді» және 29% «тамаққа ақша жеткілікті, бірақ киім сатып алу күрделі мәселе туғызады» деп жауап берді;
- Жамбыл облысы – респонденттердің 10% «тамаққа ақша жетпейді» және 20% «тамаққа ақша жеткілікті, бірақ киім сатып алу күрделі мәселелер тудырады»;
- Шымкент қаласы - респонденттердің 10% «тамаққа ақша жетпейді» және 4% «тамаққа ақша жеткілікті, бірақ киім сатып алу күрделі мәселелер тудырады»;
- Түркістан облысы - респонденттердің 9% «тамаққа ақша жетпейді» және 5% «тамаққа ақша жеткілікті, бірақ киім сатып алу күрделі мәселелер тудырады».

Басқа сипаттамалар тұрғысында айтарлықтай айырмашылықтар тіркелген жоқ, яғни қалалар мен ауылдарда тұратын отбасылардың шамамен 5%-ы аса мұқтаж, отбасылардың шамамен 12%-14%-ы жас топтарына және этникалық тиесіліктеріне қарамастан қиын материалдық жағдайда.




Сурет 5. Ерлер мен әйелдердің үй шаруашылықтарының қаржылық жағдайлары

Отбасылардың басым көпшілігі жайлы пәтерлерде немесе үйлерде тұрады, мұны әйелдердің 75%-ы және ерлердің 78%-ы атап өтті (6-сурет). Әрбір бесінші отбасы дерлік жартылай жайлы үйлер мен пәтерлерде тұрады - әйелдердің 19% және ерлердің 18%. Отбасылардың шамамен 6%-ы ыңғайсыз жеке үйлерде тұрады - бұл жауаптар қалаларға (3%) қарағанда ауылдарда (10%) үш есе жиі кездеседі.



Сурет 6. Отбасылардың үй жағдайлары

Зерттеу көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі өздері тұратын тұрғын үйдің меншік иесі екенін атап өткенімен, (ерлердің 64% және әйелдердің 57%), отбасылардың айтарлықтай бөлігінің жеке баспанасы жоқ - Ерлердің 36% және әйелдердің 43% (7-сурет) көрсеткен. Бұл үрдіс қалаларда да, ауылдарда да байқалған.



Сурет 7. «Сіз тұрып жатқан пәтер/үй Сізге тиесілі ме, яғни Сіздің жеке мүлігіңіз бе?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Бір үйде тұратын адамдардың санының **орташа көрсеткіші** 5 адамды құрайды. Көбінесе бұл нуклеарлы отбасы, ол ерлі-зайыптылардың өздері мен олардың балаларынан тұрады. Қалаларда (4 адам) бір шаруашылықтағы мүшелердің орташа саны ауылдардағыдан (5 адам) аз. Әрбір бесінші отбасы (21%) үш ұрпақ бірге тұратын үлкен отбасы, яғни балалары ата-аналарымен, сондай-ақ ата-әжесімен бірге тұратындықтары анықталды. Үй шаруашылығында тұратын адамдардың ең аз саны - 2 адам, бұл балалары бар жалғызбасты ата-аналар тұратын толық емес отбасыларға тән. Біздің зерттеуіміз бойынша, отбасындағы ең көп адам саны - 12 адам, бұл балалармен, әжелермен, аталармен және басқа туыстармен (ағалары, әпкелері, нағашылары) бірге тұратын отбасылар. Жалпы, балалары бар ерлі-зайыптылардан басқа, ата-әжесі, басқа туыстары тұратын отбасылар – жалпы отбасы санының 9%-ға жуығын көрсеткен.

Үй шаруашылығы мүшелерінің қайсысы табыстың өсуіне көп үлес қосатынын анықтау үшін барлық респонденттерге «Қазіргі уақытта сіздің үй шаруашылығыңыздағы негізгі табысты кім қамтамасыз етеді (сіздің отбасыңыздағы ең көп ақшалай кіріс кім жасайды)?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың нәтижелері көрсеткендей, көбінесе отбасының негізгі «асыраушысы», яғни үй шаруашылығындағы негізгі кірісті қамтамасыз ететін адам, ол ер адам болып табылады, мұны ерлердің 58% және әйелдердің 51% атап өтті. Әрбір үшінші отбасының дерлік үй шаруашылығындағы негізгі кірісті қамтамасыз ету үшін ерлі-зайыптылардың тең үлесі бар: 33% ер адамдар және 37% әйелдер нәтижелерін көрсеткен.

Ерлер әйелдердің өзіне қарағанда екі есе аз «Үй шаруашылығындағы негізгі кірісті жұбайы қамтамасыз етеді» деп жауап берді: 4% ер адамдар кірісті негізінен жұбайы қамтамасыз етеді деп жауап берді және әйелдердің 9% - үй шаруашылығындағы негізгі кірісті олардың өздері қамтамасыз ететіндіктерін айтты (6-кесте).

Кесте 6. «Қазіргі уақытта сіздің үй шаруашылығыңыздағы негізгі табысты кім қамтамасыз етеді (сіздің отбасыңыздағы ең көп ақшалай кіріс кім жасайды)?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

	Ерлер		Әйелдер	
	n	%	n	%
Барлығы	1096	100%	1029	100%
Жұптар тең деңгейде	362	33%	380	37%
Негізінен мен	635	58%	93	9%
Негізінен менің жұбайым/жарым	45	4%	522	51%
Негізінен менің ата-анам	31	3%	6	0,6%
Негізінен менің жұбайым/жарымның ата-аналары	-	-	12	1%
Басқа туыстар	5	0,5%	4	0,4%
Ересек балаларымыз	-	-	3	0,3%
Үй шаруашылығының ересек мүшелері тең деңгейде	12	1%	-	-
Мемлекеттік қолдау (жәрдемақы, зейнетақы)	6	0,5%	7	0,7%

Ерлер мен әйелдердің әлеуметтік- кәсіби статустары

Респонденттердің әлеуметтік-кәсіптік статусы туралы жауаптардың нәтижелері көрсеткендей, ер адамдар жеке компанияларда, әскери қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әртүрлі салада жұмыс істейтіндер немесе ресми түрде кәсіпкерлікпен айналысатындықтары анықталды. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар да әйелдерге (7%) қарағанда ерлер арасында (13%) жиі кездеседі.


Әйелдер мемлекеттік кәсіпорындарда, бюджеттік ұйымдарда немесе үй шаруашылығында жұмысшы мәртебесінде көбірек жұмыс істейді.

Әйелдер арасында жұмыссыздар ерлерге (2%) қарағанда (6%) үш есе көп, яғни әйелдер 6%, ерлер 3%. Әйелдердің 3%-ы бала күтімі бойынша декреттік демалыста, ерлер арасында мұндай респонденттер жоқ, яғни олардың бала күтімі бойынша декреттік демалыста екенін ешкім атап өткен жоқ (7-кесте).

Кесте 7. Ерлер мен әйелдердің әлеуметтік - кәсіби статустары

	Ерлер		Әйелдер	
	n	%	n	%
Барлығы	1096	100%	1029	100%
Мемлекеттік, бюджеттік мекемеде қызмет етеді	210	19%	293	28,5%
Әскери немесе құқық қорғау органдарында қызмет атқарады (әскер, ІІД)	38	3,5%	6	0,6%
Жеке компания қызметкері	336	31%	189	18%
Жұмысшы/сатушы/ ауылшаруашылығы қызметкері	234	21%	114	11%
Өзінің қаржысына ресми түрде өзінің кәсібін жүргізетін кәсіпкер	83	8%	41	4%
Фермер	6	0,5%	1	0,1%
Акционер/бизнес иегері	2	0,2%	2	0,2%
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған (ЖК тіркемеген, заңды тұлға)	138	13%	70	7%
Үкіметтік емес ұйымда қызмет етеді (ҮЕҰ, ҚБ, профсоюз)	6	0,5%	5	0,5%
ЖОО студенті/ колледжде білім алады	2	0,2%	3	0,3%
Жұмыс істемейтін зейнеткер	7	0,6%	7	0,7%
Мүгедектікке байланысты жұмыс істемейтіндер	6	0,5%	3	0,3%
Жұмыссыз (уақытша жұмыс істемейтіндерді де қосқанда)	21	2%	59	6%
Үй шаруашылығында қызмет етеді	3	0,3%	203	20%
Бала күтіміне байланысты декреттік демалыста	-	-	32	3%
Жауап беруден бастартқандар	4	0,4%	1	0,1%

Сауалнама деректері бойынша ерлер мен әйелдерді жұмыспен қамту тұрақтылығында айырмашылықтар бар. Ерлердің 85%-ы және әйелдердің 71%-ы «Менің жұмыстағы немесе жұмысқа орналасудағы жағдайым жалпы тұрақты» деген пікірмен келіседі, сондықтан әйелдерге қарағанда ерлер арасында жұмысқа орналасу тұрақтылығын сезінетіндер бар (8-сурет).



Сурет 8. «Менің жұмыс және жұмыспен қамтылуым әдетте қалыпты жағдайда» тұжырымына қатысты жауаптардың нәтижесі


Ерлердің басым көпшілігі (68%) және әйелдер (68%) тұрақты негізде жұмыс істейді. Маусымдық немесе уақытша жұмыспен қамту әйелдерге (5%) қарағанда, ерлер арасында (10%) жиі кездеседі, деректер 9-суретте келтірілген. Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстіндегі талдаулар түрінің контекстінде айырмашылықтар бар екенін көрінді, ол елді мекен статусына тікелей байланысты болды: маусымдық немесе уақытша жұмыспен қамту қала тұрғындарына (25%) қарағанда, ауылдық елді мекендердің тұрғындарының арасында (29%) кең таралған.



Сурет 9. «Мен маусым бойынша немесе мезгілді жұмыстар атқарамын» тұжырымына қатысты жауаптардың нәтижесі

Сауалнамаға қатысқан ерлер (72%) мен әйелдердің (67%) басым көпшілігі «Мен жеткілікті жұмыстың немесе табыстың болмауына байланысты күйзелісті немесе депрессияны жиі сезінемін» деген пікірмен келіспейді. Сонымен қатар, әрбір төртінші ер адам (25%) мен әйелдер (26%) жеткілікті жұмыстың немесе табыстың жоқтығынан күйзеліске немесе депрессияға ұшырайтындықтарын айтқан (10-сурет).

Сауалнама деректеріне сәйкес елді мекеннің түрі контекстінде айырмашылықтар байқалады: жалпы алғанда, ауыл тұрғындарының қала тұрғындарына қарағанда, жеткілікті жұмыстың болмауына байланысты күйзеліске немесе депрессияға ұшырау ықтималдығы біршама жоғары, нақты айтқан кезде ауыл тұрғындары 27%, қала тұрғындары 24% көрсеткен.




Сурет 10. «Мен әдетте жұмыстың болмауы немесе табыстың аз болуы себебінен күйзеліске ұшыраймын» тұжырымына қатысты жауаптардың нәтижесі

Сауалнама сондай-ақ ерлердің көпшілігі (72%) мен әйелдердің (69%) жұмыс пен демалыстың тепе-теңдігін сақтайтынын көрсетті. Бірақ әрбір төртінші ер (24%) мен әйелдер (23%) дерлік күйзеліске немесе депрессияға ұшырайды, өйткені олардың жұмыстарының тым көп екендігін айтқан (11-сурет).

Бұл көрсеткіш зерттеуге қатысушылардың нақты отбасындағы қарым-қатынасын көрсететін сұрақпен сәйкес келеді: отбасындағы нашар қарым-қатынастарды байқаған ерлер мен әйелдердің шамамен үштен бірі (33%) жұмысының көп болуына байланысты күйзеліске немесе депрессияға ұшырайтындықтарын айтқан.

Сонымен қатар, жұмыс жүктемесінің жоғары болуына байланысты күйзеліске немесе депрессияға ұшыраған респонденттер үй шаруасына қатысады, отбасында жұбайына көмектеседі. Бұл қорытынды 11-суретте көрсетілген, онда ерлер мен әйелдердің ерлі-зайыптыларға (өздерінің жұптарына) қамқорлық көрсетуге және оларға отбасында көмектесуге қатысуын көрсететін көрсеткіштер анықталған.



Сурет 11. «Әдетте менде жұмыстың көп болуы салдарынан көп күйзеліске ұшыраймын» тұжырымына қатысты жауаптардың нәтижесі


Ерлер мен әйелдердің ата-аналарының отбасындағы қарым-қатынасты бағалау

Сауалнамаға қатысушылардың балалық шағында оларға кімнің көбірек көңіл бөлетіндігі туралы сұрақты зерттей келе, респонденттердің абсолютті көпшілігі (92%) анасы мен әкесінің (74%), сонымен қатар шамамен 8% әжесінің, 3% - атасының және 2%-ы үлкен ағалары мен әпке-сіңлілерінің қамқорлық көрсеткендіктерін атаған. Осы бойынша бір қызығы, ерлер мен әйелдердің пайыз көрсеткіштері бойынша айырмашылықтар жоқ, бірдей көрсеткіштер көрсеткен. Ерлер мен әйелдердің 1%-ы өгей әкесі немесе басқа туыстарының қамқорлығында болдық деп жауап берді. Ерлер мен әйелдердің 1%-ға жуығы оларға туыстық қатынасы жоқ, басқа адамдар қамқорлық жасағанын атап өтті, бұл респонденттердің өскен балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының тәрбиешілері екендігі анықталды.

Жалпы респонденттердің 5%-ға жуығы ерлер мен 3%-ға жуығы (орта есеппен респонденттердің 4%-ы) туғаннан әкесінің қатысуынсыз өскен, тәрбиеленген. Тағы 23% ерлер мен әйелдер өздерінің әкелерімен бірге өмір сүрген, балалық шақтарының әртүрлі кезеңдерін атап өтті. Осылайша, ерлер мен әйелдердің шамамен 27% кәмелетке толған кезде (18 жас) өз әкелерінсіз отбасында өмір сүргендіктерін айтқан.

Әкесіз өскендердің арасында респонденттердің айтарлықтай бөлігі өсу кезеңінде олардың өмірінде маңызды рөл атқарған ерлердің болмағанын атап өтті (әйелдердің 49% және ерлердің 40%). Барлық респонденттердің әрбір төртіншісі дерлік (әйелдердің 27% және ерлердің 23%) өгей әкелерінің өздерінің өміріндегі маңызды рөлін атап өтті. Сондай-ақ ерлер мен әйелдердің едәуір бөлігінің өсеулерінде және өмірінде аталары маңызды рөл атқарғандығын атаған. Бұны әйелдердің 15% және ерлердің 14%-ы атап өтті. Кейбір респонденттер өздерінің өмірлерінде маңызды рөл атқарған нағашыларын немесе ағаларын атап өтті. Кейбір респонденттер туыстықтары жоқ ер адамдардың маңызды рөлін атап өтті, ол адамдар отбасының достары, мұғалім, жаттықтырушы, дін қызметкері (12-сурет).

12-суретте көрсетілген пайыздардағы байқалған айырмашылықтар статистикалық маңызды емес, яғни ерлер мен әйелдердің «Егер сіз өз әкеңізбен бірге тұрмаған болсаңыз, онда Сіздің есею кезеңіңіздегі өміріңізде әкелік ролді атқарған басқа ер адамдар болды ма?» деген сұраққа жауаптарында айырмашылықтардың жоқ екендігі анықталды.



Сурет 12. «Егер сіз өз әкеңізбен бірге тұрмаған болсаңыз, онда Сіздің есею кезеңіңіздегі өміріңізде әкелік ролді атқарған, басқа ер адамдар болды ма?» сұрағына жауаптардың нәтижесі


Зерттеу деректеріне сәйкес, сауалнама жүргізілген ерлер мен әйелдердің отбасыларының көпшілігінде ата-аналар арасында немесе респонденттің отбасында тұратын анасы мен ер адам арасында сыйластық қарым-қатынас болғаны бойынша көрсеткіштер - ерлер мен әйелдердің шамамен 90% «әрдайым» немесе «жиі» құрметті қарым-қатынас болды деп жауап берген. Бұл келесі тұжырымға жауаптар:

- «Әкем немесе анаммен бірге тұратын басқа бір ер адам амама құрметпен қараған».
- «Менің амам менің әкеме немесе өзімен бірге тұратын ер адамға құрметпен қараған».


Әрбір оныншы ерлер мен әйелдердің (7% -10%) ата-анасының отбасында өзара сыйластық қарым-қатынастың болмағандығын атап өтті (13, 14-суреттер).

Тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің отбасында ата-аналары арасында әртүрлі келіспеушіліктер болғандығы анықталды, респонденттер сондай жағдайларды бала кездерінде түсінбейтіндіктерін айтып, осындай мәселелерді көбінесе ересек жасқа келген кездерінде түсіне бастағандықтарын атаған. Осындай отбасында болған мәселелерді түсіну респонденттердің ойынша есею мен өмірлік тәжірибенің және сыртқы көзқарастардың қалыптасуы салдарынан орын алғандығын атап өткен, ол жайлы: «Ата-аналардың арасындағы қарым-қатынас, олар онша жақсы өмір сүрмеген, әкем ешқашан амама қол көтермеген, бірақ амам да, әкем де ұрысып қалатын, олар жиі сөзге келісіп

қалатын, ондай жағдайлар әлі де болып тұрады. Екеуі 55 жыл бірге тұрса да, әр жолы ажырасамыз деп жатады. Менің анам отбасында көптеген мәселелер бойынша түпкілікті шешім қабылдайтын, анам, ол үстем әйел. Ата-анам бірдей дерлік табыс тапты, ал анам сол табысты үйлестірді, әкем болса өзінің табысын әрдайым анамның қолына беріп тұратын».




Сурет 13. «Менің әкем немесе анаммен бірге тұратын ер адам анама үнемі құрметпен қараған» сұрағына қатысты жауаптардың нәтижесі



Сурет 14. «Менің анам ,менің әкеме немесе өзімен бірге тұратын ер адамға әрдайым құрметпен қараған» сұрағына қатысты жауаптардың нәтижесі

Отбасылардағы әкелердің, өгей әкелердің, аталардың, ағалардың тұрмыстық мінез-құлық үлгісінің сұрақтарын зерттей отырып, ата-аналық отбасында негізінен ер адамдар балаларды бағып, тамақ сатып алғанын, балаларға ас даярлауға, балаларға үй тапсырмасын орындауға сирек көмектесетіні анықталды. Отбасында ерлердің қызметтерінің ең аз жасалғаны ол, ер адамдардың үй жинауға және кір жууға көмектеспейтіндіктері анықталды (15-сурет):

- Ерлер мен әйелдердің 84% отбасында әкелері немесе әкенің қызметтерін атқарған басқа ер адамдардың «әрдайым» немесе «жиі» балаларға күтім жасағандықтарын айтқан.
- Ерлердің 69% және әйелдердің 67% отбасында әкелері немесе әкенің қызметтерін атқарған басқа ер адамдардың «әрдайым» немесе «жиі» үйге қажетті азық-түлік пен заттарды сатып алғандықтарын айтқан.
- Ерлердің 42% және әйелдердің 40% отбасыларындағы ер адамдардың «әрдайым» немесе «жиі» балалардың сабақтарын оқуға көмектескендіктерін атаған - 34% «кейде» деп жауап берген.
- Ерлер мен әйелдердің 44%, олардың отбасыларындағы ерлердің «кейде» ас даярлағандарын айтқан, ал үштен бірі (27% и 31%) «ешқашан» деп бұл тұжырымға жауап берген.
- Әйелдердің 47% және ерлердің 41% отбасында әкелері немесе әкенің қызметтерін атқарған, басқа ер адамдардың «ешқашан» үй жинамағандықтарын айтқан - 35% респонденттер «кейде» деп жауап берген.
- Әйелдердің 61% және ерлердің 54% отбасындағы ерлердің «ешқашан» кір жумағандықтарын айтқан.



Сурет 15. Респонденттердің ата-аналарының отбасыларында ерлердің көмек көрсетулері сұрағы бойынша жауаптар

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушылардың барлығы отбасындағы әкелер мен ерлердің рөлі туралы өз тәжірибесі мен көзқарастарын атап өтіп, әңгімеледі, ер мен әкенің бала тәрбиесіндегі қажеттілігі мен маңыздылығын, сондай-ақ балаларды тәрбиелеудегі ерекше рөлі мен артықшылықтарды да атап өтті. Әкелердің бала тәрбиесіндегі ерекше рөлін тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелері дәлелдеді:

- «Мен кәмелет жасына толғанымша, менің ең жақын досым әкем болды, мен үйдің тұңғышымын, сырттай әкеме қатты ұқсайтынмын, отбасында

әкемнің қызы, ал ағам анамның ұлы болды. Кәмелетке толғаннан кейін жағдай өзгерді, сырлар пайда болды, анаммен сөйлесу керек нәрселер туындады. Әкем менімен бірге сабақтарымды, тапсырмаларды орындауға көмек берді, біз барлық спорттық бағдарламаларды бірге қарадық, ол мені автокөлікті айдауды үйретуден үзілді-кесілді бас тартты, сол кезде мен мұны түсінбедім, бірақ қазір түсінемін, бұл оның маған деген қамқорлығының белгісі екенін түсіндім. Әкеммен бірге біз жаңалықтар оқыдық, онымен сөйлестік, кинотеатрға бардық, дүкенге бардық. Біз әкеммен үлкен сатып алулар жасадық, мені тек әкем ғана еркелете алатын. Мектепте жүрген кезімде анам косметикаға тыйым салып, лақтырып тастайтын, әкем әр сапардан маған косметиканы өзі әкелетін. Жақсы ата - жаман ата ролдері бар ғой, сол жердегі жақсы- менің әкем, ал анам, жаман ата-ананың рөлін ойнады. Дәл осындай өсу кезеңі еді. Әлі есімде, анам, әкем маған кейбір нәрселерді сатып алмаймын деп ұрысып қалды, шашымды қиюға рұқсат бермеді, бұл менің қалауыма кері жауап ретінде болды. Әкем екеуміз қалаға келдік, ол мені сол кезде шаштаразға апарды, шашымды қалауымша қидым. Жасыма байланысты мінез көрсетулерім болды, сондай кездерде анам мені тоқтатуға тырысатын, ал әкем мұның бәрін істеуіме, қалауымды орындауыма рұқсат берді. 18 жасқа дейін әкеммен достық пен түсіністік кездеріміз көбірек болды».

- «Тұлға ретінде мен әкем мен шешемнің тәрбиесінде болдым. Мен әкеме көбірек еліктедім, соған ұқсағым келді. Тәрбиеде әкемді бірінші орынға қояр едім. Спортқа, менімен бірге оқуға уақыт бөлді, мен де ұлымды тәрбиелеп жатырмын, ер мінезді, тәрбие алдым, әкемнен. Жағдайға сәйкес, ол қатал және жұмсақ болды, бірақ қаталдықты көрмегендер арасында бұзылған балалар бар, олар әрдайым өз айтқандарын істетуге тырыстындар. Әкем бізді еркелетті, бірақ сонымен бірге бізге өмір сүруді де үйретті».
- «Әкесі балаға батыл еркектік мінез береді. Әкесінің тәжірибесі көбірек, ол өз тәжірибесін ұлына береді, түзету керек болған жерде бағыт береді. Бала әкесінің қателігін қайталай алады және оның қателігі болады, сондықтан әке тәлімгер болуы керек».
- «Қыздары әкеден жылулық, мейірім мен тәрбие алады. Мен қыздарымды қатты жақсы көремін, қыздарды әкелері еркелетулері керек. Қыздар үшін әкенің сүйіспеншілігі мен ықыласы өте маңызды, олар жасөспірімдік шақта басқа адамдардың сүйіспеншілігі мен жылылығын сүйіктісінің сүйіспеншілігі ретінде қабылдай алады. Сондықтан жігіттердің осындай айла ретіндегі жылулық сезімдерінің салдарынан қыздар тұзаққа түсіп қалуы мүмкін, олар әке махаббатының не екенін түсінуі және сезінуі керек, тек сондай кезде ғана нағыз сезімді ажырата алады».

Отбасылық бюджетті жұмсау мәселелеріне ата-аналардың екеуі де бірдей қатысты - бұл зерттеуге қатысушылардың едәуір бөлігінің ата-аналық отбасындағы мінез-құлық үлгісі болды. Ерлер мен әйелдердің жауаптарында статистикалық маңызды айырмашылықтар жоқ. Бұл модель ірі көлемдегі сатып алуларға (тұрмыстық техника, автокөлік, үй) жұмсау мәселесінде кеңінен таралған – орта есеппен ерлер мен


әйелдердің 55%-ы ата-аналардың екеуі де осы шығындар бойынша бірдей шешім қабылдады деп жауап берді (18-сурет).

Сондай-ақ, ата-аналар паритетінің моделі балаларды мектептерде, әртүрлі үйірмелер мен секцияларда оқытуға қатысты байқалады – орташа есеппен респонденттердің 51%-ы ата-аналардың екеуі де осы мәселелер бойынша бірдей шешім қабылдады деп жауап берді (16-сурет).


Азық-түлік пен киім-кешекке ақшаны қалай жұмсау керектігін шешу қажет болғанда, сондай-ақ отбасылардың айтарлықтай бөлігінде (46%) ата-аналар бірлесіп шешім қабылдағандықтары анықталды (17-сурет).

Сонымен қатар тамақ пен киім-кешек құнында гендерлік айырмашылықтар бар – көп жағдайда шешімді аналар қабылдайды, яғни әкелерге (13%) қарағанда әйелдер (38% -40%) (17-сурет). Балаларды оқытуға кететін шығындарға қатысты да жағдай ұқсас - аналар (орта есеппен 27%) әкелерге қарағанда (19% -20%) осы шығыс келісімдері бойынша шешім қабылдаған аналар екені анықталды (16-сурет). Негізінде, көптеген күнделікті шығындар тұрғысынан, отбасында аналар, әйелдер негізгі рөл атқарады, бұл көптеген параметрлерде атап өтіледі.


Әкелер ірі заттарды сатып алулар бойынша соңғы шешімді жиі қабылдайды, мысалы, тұрмыстық техника, автокөлік, үй - мұны респонденттердің 25% атап өтті. Аналар бұл шығыстар бойынша шешімді аз қабылдайды – орташа есеппен респонденттердің 18%-ы осы мәселе бойынша аналардың шешім қабылдағандықтарын атап өтті (18-сурет).



Сурет 16. «Сіз немесе Сіздің бауырларыңызға қатысты мәселелер (мектепте оқу, үйірмелерге бару, т.б.) бойынша соңғы шешімді отбасыңыздан кім қабылдады?» сұрағына жауаптардың нәтижесі




Сурет 17. «Сіздің отбасыңызда тамаққа және киім сатып алуға қаржыны жұмсауға байланысты сұрақтар бойынша шешімді кім қабылдады?» сұрағына жауаптардың нәтижесі



Сурет 18. «Сіздің отбасыңызда ірі техника сатып алу, ол дегеніміз тұрмыстық техника, көлік, үй сатып алуға қаржыны жұмсауға байланысты сұрақтар бойынша шешімді кім қабылдады?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Сауалнама ер балаларға қарағанда қыздардарға көбірек отбасында үй жұмыстарының әртүрлі түрлерін істеуге үйретілетіні анықталды. Сауалнамаға қатысқан әйелдердің басым көпшілігі (94% -99%) бала кезінен үй жинауға, ыдыс жууға, кір жууға, тамақ әзірлеуге және жақындарына қамқорлық жасауға үйретілгендігін атап өтті.

Қыздарды бала кезінен отбасындағы үй жұмысының әртүрлі түрлеріне үйрету үй шаруашылығын жүргізу дағдылары мен білімдерін және болашақта әйелдің үй шаруасындағы рөлін дамытуға бағытталған. Ұлдардың көпшілігі (71% -90%) да белгіленген жұмыстарды істеу үйретілетіндігін атаған, бірақ бұл үйрету, шаруаға бейімдеу қыздарға қарағанда аз (19-сурет). Айырмашылықтар $p < 0,05$ деңгейінде статистикалық маңызды.



Сурет 19. Респонденттердің кәмелет жасына дейінгі кезеңдерінде отбасында істеуге үйретілген жұмыстар түрлерін анықтау бойынша сұрақтың нәтижесі

«Сіздің тұлға болып қалыптасуыңызға ең жақын адамдарыңыздан кім әсер етті?» деген сұраққа жауаптардың нәтижесі 8 кестеде келтірілген. Алынған нәтижелер тұлғаның қалыптасуына әсер етуде гендерлік айырмашылықтар бар екенін көрсетеді: әйелдерге аналары, ерлерге - әкелері көбірек әсер етеді. Сонымен қатар, ерлердің айтарлықтай үлесіне аналары әсер етеді - мұны ерлердің 38%-ы атап өтті.

Кесте 8. «Сіздің тұлға болып қалыптасуыңызға ең жақын адамдарыңыздан кім әсер етті?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

	Ерлер		Әйелдер	
	п	%	п	%
Барлығы	1096	100%	1029	100%
Анам	413	38%	626	61%
Әкем	471	43%	208	20%
Әкем жағынан апам	51	5%	60	6%
Әкем жағынан атам	27	2,5%	8	0,8%
Анам жағынан апам	32	3%	42	4%
Анам жағынан атам	19	2%	8	1%
Ата-анам бірдей	24	2%	24	2%
Апайым/Әпкем	-	-	10	1%
Әпкем	9	1%	11	1%
Ағам	15	1%	4	0,4%
Ешкім әсер етпеді	18	2%	19	2%

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушылар да баланың тұлға болып қалыптасуындағы ана мен әкенің маңызды рөлін растап, әрбір ата-ананың рөлін атап өтті:

- *«33 жасымда үйлену туралы ойлаған жоқпын, бұл ата-анамның салғырттығы болуы мүмкін, анам мені бопсалау арқылы күйеуге берді, бірақ бұл шешім жаман емес болып шықты. Анам екеуміз ата-анамның өмірінде бәрі қалай болғаны, ненің сәтті болғаны туралы көп талқыладық, олардың өмірлеріндегі келеңсіздіктер туралы да айттық, осының барлығын анам өзінің өмірлік тәжірибесінен көбірек айтты. Мен ересек болдым, ол кезде де менімен анам көп сөйлесті, ол менің жігіттермен қарым-қатынасымды білді, біз онымен бәрін талқылап, бағаладық. Бұл маған көмектесті, анаммен ашықтық болды, ол өз тәжірибесімен бөлісті, мұндай қарым-қатынас болуы керек, бұл туралы айтылуы керек».*
- *«Ата-анамның арасында қатты ұрыс-керіс болғаны есімде жоқ, бір ерекшелігі әкем өте қызғаншақ адам болатын. Қазір кәмелетке толған әйел ретінде анама оңай болмағанын түсінемін. Ол жұмыстан кеш қала алмайтын, егер ол педагогикалық кеңестер өткізіп, үйге кеш келсе, әкемнің көңіл-күйі жоқ, өзі карта ойнап, кешкі ас ішуден бас тартатын еді. Жалпы, анамда біраз қиындықтар болды, ол үйден бір жерге бару немесе кешігіп қалсада қиындықтарға ұшырайтын, себебі әкем қызғаншақ болатын».*
- *«Ұл балаға әке керек, ол өсіп келеді, оған ер адам тәрбие беруі керек, бірақ әртүрлі отбасылар бар сондай отбасыларда әйелдің ұлына бере алмайтын кеңестері де бар. Ұлдар мен қыздар отбасында ер адамның бар екенін сезінуі керек. Ұл балалар өзін ұстауды, отбасы үшін, жақындары үшін жауапкершілікті алуды әкеден үйренуі керек. Ұл бала бастама көтереді,*

отбасын құрады, қызға үйленеді және ол осының барлығына қамқорлық жасауы керек, бұл үлгі алуды тек әкесінен үйренеді. Қыздар үйде жалпы ер адам бар екенін біліп, соған сәйкес әрекет етуі керек, оны қыздар әкелеріне қарап үйренулері керек».

- «Бала мінез-құлық пен кейбір бейнелерді әкесінен қабылдайды, бірақ біз әртүрлі отбасыларда өстік, олардың әрқайсысында қандай да бір қарым-қатынас пен отбасылық құндылықтар бар. Содан кейін біз отбасымызда алған тәрбиені, бейнелер мен құндылықтарды жаңғыртуға тырысамыз. Әкенің мысалын пайдалана отырып, балалар отбасындағы, балалармен, анамен, әйелмен қарым-қатынас үлгілерін үйренеді және көреді, әке еркектік мінез-құлық пен әрекеттерді, сүйіспеншілігі мен тәрбиесін көрсетеді, сондықтан бәрі де отбасынан басталады, тәрбие мен тәжірибені ата-аналар береді».

Ата-аналардың отбасылық қарым-қатынастарының үлгілері ерлердің көпшілігі (66%) және әйелдер (70%) үшін ерлі-зайыптылармен жеке қарым-қатынастарын құрудың үлгісі болып табылатындығын атаған. Әйелдердің (26%) және ерлердің (19%) айтарлықтай бөлігі жұбайларының ата-аналарының арасындағы қарым-қатынасты басшылыққа алады, сонымен бірге әрбір бесінші респондент (17%-18%) осындай үлгілер мен мысалдардың жоқтығын атап өтті, олар өз кезегінде отбасылық қатынастар мен ешқандай принциптерді ұстанбайтындықтарын атап өтті (20-сурет).

Жалпы, отбасылық қарым-қатынаста ер адамдар басқа мысалдар мен кеңестерден гөрі ата-анасының ақылы мен тәжірибелеріне көбірек көңіл бөлетіні байқалды. Әйелдер, ата-аналарынан басқа, ішкі ортадан басқа мысалдарды басшылыққа алады, әйелдер де заманауи психологтардың немесе блогерлердің кеңестерін орындауға бейім екендіктерін атаған.



Сурет 20. Ерлер мен әйелдер үшін отбасылық қарым-қатынастардың үлгілері

Идеалды әке мен ананың сипаттамалары

Сауалнама барысында әйелдер идеалды әкенің негізгі белгілерін атаса, ерлер идеалды ананы сипаттайтын қасиеттерді атады.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, әйелдердің басым көпшілігінің пікірі бойынша идеалды әкенің негізгі сипаттамалары мыналар болып табылады (21-сурет):

1. Сенімді
2. Өз отбасын жақсы көретін
3. Еңбекқор
4. Жауапкершілікті
5. Қамқоршы.



Сурет 21. Әйелдердің пікірінше идеалды әкенің сипаттамалары

Бұл мәселені тереңдетілген сұхбат барысында талқылағанда идеалды әкенің он басты қасиетінің ішінде жаман әдеттер жоқ, мейірімді, отбасының ұйытқысы, баламен ойнайтын, шыншылдық сияқты қасиеттер көрсетілді.

- «Сөзге жауапты болу, айттылды ма? Айтақныңызды істеуіңіз керек, ешқашан өтірік айтпау, ішімдік ішпеу, нұсқаулар мен кеңестер беру керек. Әке бар үйде әрқашан береке болады».
- «Балалары мен әйеліне деген сүйіспеншілігін көрсететін идеалды әке. Барлығы махаббатқа негізделген. Әкеде отбасына, әйеліне, балаларына деген сүйіспеншілік болса, ол бәрін жасайды, сонда оның барлық қасиеттері ашылады. Әкенің отбасына деген сүйіспеншілігі болмаса, ол өзін танытпайды. Мүмкін ол жақсы адам шығар, шын мәнінде қолынан бәрі келеді, бірақ ол әйелін жақсы көрмегендіктен ашыла алмайды, өзінің ізгі қасиеттерін көрсете алмайды. Әкелер өз отбасылары үшін жауапкершілік және адалдық қасиеттерді ұстанулары керек».

- «Міндетті түрде жауапкершілік, екіншісі – барлығына адалдық, үшінші қасиет – қамқорлық. Осы үш қасиет маңызды, ер адам өз отбасына көбірек жауап беруі керек, ер адам еркек мінезді болуы керек, ол жауапкершілікті көбірек алып, түсіну сияқты қасиетті ұстануы керек. Ер адам жарына, балаларына адал болуы керек, ешнәрседе опасыздық жасамауы керек. Егер біз өз жарымымызға сенсек, онда айтылмай қалған мәселелер болмауы керек. Балалары мен әйеліне қамқорлық оның артында барлық қамқорлықты сезінуі тиіс».

- «Әділ, мейірімді және жауапты. Мейірімді, жігіт, оларда әйтеуір мейірім аз, бірақ ер адам ұл-қыздарына мейірімді болуы керек, бәрі әділетті және тең болсын. Ер адам айтқан сөзін орындаулары керек. Жауапкершілік, біз жанымыздағы адамдар үшін жауаптымыз. Балаларды тамақтандыру, киіндіру, ештеңеге мұқтаж емес етіп тәрбиелеу керек, әкелер отбасының демалысы басқалардан кем болмайтындай етіп өткізулері керек, барлық адамдар теңдей болуы керек».

- «Отбасы, балаларын дұрыс тәрбиелеу керек, еңбек етуге бейім, еңбекқор етіп балаларды тәрбиелеу керек. Әкелер отбасының тірегі болулары керек».

Төмендегі 22-суретте сауалнама жүргізілген ер адамдардың пікірі бойынша идеалды ананың ерекшеліктері көрсетілген. Респонденттердің басым көпшілігінің пікірі бойынша идеалды ананың негізгі белгілері:

1. Қамқоршы
2. Мейірімді
3. Отбасын жақсы көретін
4. Дана
5. Жауапты



Сурет 22. Ерлердің пікірлері бойынша идеалды анада болуы керек қасиеттер


Тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелері бойынша идеалды ананы сипаттайтын он негізгі қасиет ерлердің пікірі бойынша мынадай сипаттарды қамтыған, олар: үй шаруашылығына бейінді, зейінді, түсіністік, жақсы, шыдамдылық қасиеттері бар (22-сурет).

- *«Ол өте сабырлы, шыдамды және мейірімді болуы керек және бәріне көбірек сүйіспеншілік танытуы тиіс».*
- *«Идеал ана – талапшыл, қамқор және шыншыл. Ана болу өте жауапты жұмыс және балаларды өз махаббатыңызбен бұзбау маңыздылығын көрсетеді. Ана болу – үлкен махаббатты таныту, сонымен бірге үлкен жауапкершілік, кейде біз осы шекарадан шығып қаламыз. Дәл сол идеалды күйеулер мен тәуелсіз ерлерді тәрбиелеу біздің міндетіміз және бұл қасиеттерді де балаларымыздан талап етуіміз керек. Әйтпесе, біздің ұлдарда өзіндік, тәуелсіздік сияқты қасиеттер жоғалады, осыдан да болашақта идеал жар қасиеті болмайды. Әкеде бар сияқты адалдық пен қамқорлық қасиеттері болуы керек, балалармен қарым-қатынаста жалғыз сенім маңызды қарым-қатынастың көрсеткіші болып табылады. Біз балаларымыз өздерінің маңызды мәселелерімен бөлісе алатындай етіп, олармен сенімді қарым-қатынастар құра білуіміз керек және ол міндетті түрде болуы тиіс».*
- *«Аналар ішімдік ішпеуі керек. Арақ ішетін аналар бар, әрине олар балаларына дұрыс емес тәрбие береді. Ата-ананы, үлкен адамдарды сыйлау керек. Идеалды анада әйелдік қасиеттер болуы керек».*
- *«Біріншіден, ананың ең басты қасиеті – мейірімділік, одан кейін шыдамдылық, жалпы, үйдегі барлық атмосфера, үйдегі жылу мен ауа-райы барлығы анаға байланысты».*

Гендерлік теңдікке қатысты пікірлер

Ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдік мәселелеріне пікірлерін зерттей отырып, респонденттердің абсолютті көпшілігі (ерлердің 73% және әйелдердің 87%) «Әйелдер ерлер сияқты құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуы керек» деген тұжырыммен келісетінін атап өткен, осы респонденттер аталған тұжырымға «келісемін» және «толығымен келісемін» деп жауап берген.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған тенденцияға қарамастан, әрбір төртінші ер адам (26%) «Әйелдердің ерлер сияқты құқықтары мен мүмкіндіктері болуы керек» деген тұжырыммен келіспейтіндіктерін атаған. Бұл мәлімдемемен келіспейтін әйелдердің арасында ерлерге қарағанда екі есе дерлік аз (12%) көрсеткен (23-сурет). Бақыланатын айырмашылықтар $p < 0,05$ деңгейінде статистикалық маңызды.




Сурет 23. «Әйелдер ерлер сияқты теңдей құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуы керек» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстіндегі талдау көрсеткендей, бұл мәлімдемемен келіспейтіндер ерлер арасында байқалды олар, нақты айтқан кезде өздерін діндерінің кейбір тұстарын ұстанатындар арасында белгілі бір дәрежеде (27%), діншіл емеспін деп санайтындар арасында (26%), дінді мүлде ұстанбайтындар арасында (16%), ал өздерін қатты діншіл, дінді берік ұстайтын ерлер арасында бұл тұжырымға келіспейтіндер (36%) көрсеткен, нақты нәтиже (24-сурет) көрсетілген.

Сонымен қоса, білім деңгейі мен аймақтардың контекстінде де айырмашылықтар осы тұжырым бойынша бар, сондықтан «Әйелдер ерлермен бірдей құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуы керек» деген пікірмен келіспейтіндер білім деңгейі төмен ерлер арасында (33%) жиі кездеседі, ал жоғары білімі бар ерлер арасында (26%) көрсетті. Өңірлер контекстінде: көрсетілген тұжырыммен келіспейтін ерлер мен әйелдер Түркістан облысында (35%), Шымкент қаласында (27%) және Батыс Қазақстан облысында (25%) жиі кездеседі екендігі анықталды.


Бұл тұжырымға респонденттердің келісетіндіктері немесе келіспейтіндіктері бойынша әлеуметтік- демографиялық жағынан айтарлықтай айырмашылықтар байқалмаған.



Сурет 24. «Әйелдер ерлер сияқты теңдей құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуы керек» тұжырымына қатысты жауаптардың ерлердің діни ұстанымы бойынша қарастыру көрсеткіштері (n=1096)

Діни ұстанымы бойынша


Респонденттердің «Әйелдер мен ерлерге қатысты қарым-қатынастар тең болуы керек» деген пікірге қатысты – ерлердің 16%-ы және әйелдердің 11%-ы келіспейтіндіктерін білдірген ($p < 0,05$). Осылайша, ерлер (84%) мен әйелдердің (89%) басым көпшілігі әйелдер мен ерлерге тең деңгейде қарым- қатынас болуы керек деген пікірде (25-сурет).



Сурет 25. «Әйелдер мен ерлерге қатысты қарым- қатынастар тең болуы керек» деген тұжырымға қатысты пікірлер


Бұл мәлімдемеге қатысты ерлердің діндарлық деңгейі мен білім деңгейінде де айырмашылықтар бар: бұл мәлімдемемен келіспейтіндер толық емес орта білімі бар және одан төмен білім деңгейі ба ер адамдар арасында жиі кездеседі. Сондай-ақ, бұл мәлімдеме өз діндерінің барлық нұсқауын ұстанатын, яғни жоғары сенімдегі дінді ұстанатындар (21%), ал оларға қарағанда дінді мүлдем ұстанбайтындар, діни сенімі төменгілер (5%) ер адамдар арасында жиі кездеседі (26-сурет).

Әйелдер іріктеуінде әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстінде бұл мәлімдемеге қатысты айтарлықтай айырмашылықтар жоқ, яғни әйелдердің көпшілігі (89%) әйелдер мен еркектерге қарым- қатынас тең болуы керек деген пікірде. Сонымен қатар, білім деңгейіне, елді мекен түріне, діндарлық дәрежесіне және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан әрбір оныншы әйел (11%) бұл тұжырыммен келіспейтіндіктерін білдірген.



Сурет 26. «Әйелдер мен ерлерге қатысты қарым- қатынастар тең болуы керек» деген тұжырымға қатысты пікірлерлерді ерлердің діни ұстанымы шеңберінде қарастыру (n=1096)

Бір қызығы, әйелдердің көпшілігі (61%) мен ерлердің (79%) жақсы әйел күйеуінің пікірі мен шешіміне ешқашан күмәнданбайды, тіпті ол келіспесе де күйеуінің пікірін қабылдайды деп ойлайтындықтары анықталды. Әрбір үшінші әйел дерлік (36%) бұл мәлімдемемен келіспейді, ерлер арасында бұл мәлімдемемен келіспейтін респонденттер екі есе аз (18%) ($p < 0,05$). Толық мәліметтер 27-суретте көрсетілген.




Сурет 27. «Жақсы әйел күйеуінің пікірі мен шешімдерімен келіспейтін болса да, оның айтқанын теріске шығармай, қабылдайды» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстіндегі талдау олардың бұл пікірмен келісетінін көрсетті, жақсы әйел ешқашан күйеуінің п


ікірі мен шешімдеріне күмәнданбайды, тіпті ол онымен келіспесе де, діндерінің барлық ережелерін ұстанатын ерлер мен әйелдер арасында жиі кездесетіндігі анықталды. Яғни, айтылғандардың арасында діндерінің өсиеттерін орындамайтын, мүлдем дінді ұстанбайтындар арасында ол (64%), ал өте діндар азаматтар арасында бұл көрсеткіштер (82%) көрсеткен. Діндарлық деңгейі бойынша бөлінген деректер 28-суретте берілген – нәтижелер көрсеткендей, діндарлық деңгейі неғұрлым жоғары болса, осы тұжырыммен келісетіндер соғұрлым кең тараған. Сонымен қатар, бұл тұжырыммен келісетіндер «орта және одан төмен» білім деңгейі бар ерлер мен әйелдер арасында көбірек таралған.

Елді мекеннің түрі мен аймақтарының контекстінде де айтарлықтай айырмашылықтар бар: «Жақсы әйел күйеуінің пікірі мен шешіміне келіспейтін болса да, ешқашан оның шешіміне күмәнданбайтын болады» деген пікірмен келіспейтіндер ерлер мен әйелдер арасында олардың тұратын елді-мекендерінің статустары бойынша жиі кездеседі. Яғни, ауылдарға (21%) қарағанда қалаларда тұратындар арасында (30%) аталған тұжырыммен келіспейтіндер бар; Ал аталған мәлімдемемен келіспегендер Нұр-Сұлтан қаласында (45%) және Қарағанды облысында (38%) жиі кездеседі.




Сурет 28. «Жақсы әйел күйеуінің пікірі мен шешімдерімен келіспейтін болса да, оның айтқанына күмәнданбайды» тұжырымы бойынша барлық респонденттердің пікірлерін, олардың дінді ұстану деңгейлері бойынша қарастыру

«Бала күтімі – ананың міндеті» бұл пікірді ерлердің көпшілігі (68%) және әйелдердің (64%) бөліседі. Айтылған пікірмен келіспеймін – әрбір үшінші (31%) ер адам және әрбір үшінші (36%) әйел (29-сурет). Респонденттердің жауаптарында байқалған айырмашылықтар статистикалық маңызды емес ($p > 0,05$).




Сурет 29. «Бала күтімі – ананың міндеті» тұжырымы бойынша пікірлер

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстінде жүргізілген талдау респонденттердің діндарлық деңгейі, білім деңгейі, елді мекен түрі мен аймақтар контекстінде айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Бұл мәлімдемемен келісетіндер дінге сенбейтіндерге қарағанда, көбірек діндар ерлер мен әйелдер арасында жиі кездеседі (30-сурет). Сондай-ақ, бұл тұжырыммен келісу деңгейі кеңірек: білім деңгейі төмен респонденттер арасында; ауыл тұрғындары арасында (73%), ал қала тұрғындары арасында (62%); Атырау (90%) және Түркістан (86%) облыстарының тұрғындары арасында, Шымкент қаласының тұрғындары (88%) арасында аталған тұжырыммен келісетіндердің көп екендіктері анықталды.



Сурет 30. «Бала күтімі – ананың міндеті» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлерін олардың дінді ұстануларының деңгейлері бойынша қарастыру


«Ер адам өз үйінде шешім қабылдауда соңғы сөзді өзі айтуы керек» деген тұжырымға қатысты айтарлықтай айырмашылықтар бар ($p < 0,05$) бұл пікірді ерлердің (85%) мен әйелдердің (66%) көпшілігі қолдайды. Дегенімен, оған қарамастан, әрбір үшінші әйел (33%) аталған мәлімдемемен келіспейтіндіктерін білдірді. Бұл мәлімдемені қолдамайтын ерлер (14%), әйелдер (33%), бұл дегеніміз пікірді қолдамайтын әйелдердің әйелдерге қарағанда дерлік 2,4 есе аз екенін көрсетті (31-сурет).



Сурет 31. «Ер адам өз үйінде шешім қабылдауда соңғы сөзді өзі айтуы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері


Бұл мәлімдемемен келісу деңгейі қатты діндар еркектер арасында (95%), ал мүлдем дінді ұстанбайтын ерлер арасында бұл (73%) көрсетіп, айтарлықтай жоғары көрсеткіштерді көрсеткен. Жалпы алғанда, ер адамдар арасындағы діндарлық деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым «Ер адам өз үйінде шешім қабылдауда соңғы сөзді айтуы керек» деген тұжырыммен келісу деңгейі жоғары болатындығы анықталды (32-сурет).

Елді мекеннің түрі мен аймақтардың контекстінде де айырмашылықтар бар: бұл мәлімдемемен келісу деңгейі қала тұрғындары арасында (72%), ол оларға қарағанда ауыл тұрғындары арасында жиі кездеседі (82%); Бұл пікірмен келісетіндер Атырау облысының (91%), Түркістан облысының (94%) және Шымкент қаласының (96%) тұрғындары арасында жиі кездесетіндіктері анықталды. Білім деңгейі контекстінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды.




Сурет 32. «Ер адам өз үйінде шешім қабылдауда соңғы сөзді өзі айтуы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлерін ерлердің дінді ұстану деңгейлері бойынша қарастыру (n=1096)

«Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» деген тұжырымға қатысты да айтарлықтай айырмашылықтар бар ($p < 0,05$) - бұл пікірмен әрбір оныншы әйел (9%) келіседі, ерлер арасында мұндай респонденттердің саны екі есеге дерлік көп (21%). Жалпы алғанда, әйелдердің (90%) және ерлердің (77%) абсолютті көпшілігі бұл пікірді қолдамайтындықтарын білдірді (33-сурет).




Сурет 33. «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері

«Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» деген тұжырымға келетін болсақ, діндарлық деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады: қатты діндарлардың 41%-ы және біршама діндарлардың 22%-ы бұл пікірмен толық немесе кейбір мәселелер мен сұрақтары бойынша келіседі екендіктерін білдірген. Діншіл емес ер адамдар арасында мұндай респонденттердің саны айтарлықтай азырақ (12% дінге сенбейтіндер және 5% мүлдем дінді ұстанбайтындар арасында). Ерлердің діндарлық деңгейі контекстіндегі «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» тұжырымымен келісу деңгейінің егжей-тегжейлі нәтижелері 34-суретте келтірілген.




Сурет 34. «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» тұжырымы бойынша ерлердің дінді ұстану деңгейлері бойынша пікірлері (n=1096)

Бұл ретте «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» деген пікірмен келісетін ерлер мен әйелдер қалада тұратындар арасында (12%), ауылдарда (21%) жиі кездеседі. Сондай-ақ бұл тұжырыммен келісетін респонденттер Шымкент қаласында (38%), Түркістанда (43%) және Атырау облыстарында (30%) жиі кездеседі – өңірлер бойынша деректер 35-суретте келтірілген.



Сурет 35. «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін зорлық-зомбылыққа шыдауы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері олардың тұратын аймақтарының статустары бойынша көрсетілуі


Ерлер үй шаруасын әйелдермен бөлісіп істеулері керек, мысалы, ыдыс-аяқ жуу, үйді тазалау немесе тамақ дайындау бұл тұжырыммен ерлердің көпшілігі (60%) мен әйелдердің (64%) келісетініне қарамастан, ерлердің айтарлықтай бөлігі (39%) ал әйелдер (36%) бұл пікірді қолдамайтындықтарын білдірді (36-сурет).



Сурет 36. «Ерлер үй шаруасын әйелдермен бөлісіп істеулері керек, мысалы, ыдыс жуу, үйді тазалау немесе тамақ дайындау» тұжырымы бойынша пікірлер


Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстіндегі талдау діндарлық деңгейі контекстінде айырмашылықтар бар екенін көрсетті: қатты діндар ерлердің 59% ерлердің үй шаруасын әйелдермен бөлісуі керек деген пікірмен келіспейді, өздерін жартылай діндар деп есептейтін ерлер арасында мұндай респонденттер 20% көрсеткен. Жалпы алғанда, діндарлық деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ер адамдар «Ерлер ыдыс жуу, тазалау немесе тамақ пісіру сияқты үй шаруасын әйелдермен бөлісуі керек» деген пікірмен келіспейтіндері жиі кездесті (37-сурет).

Елді мекеннің түрі мен аймақтардың контекстінде де айырмашылықтар бар: бұл пікірмен келіспейтіндер қала тұрғындарына (31%) қарағанда ауыл тұрғындарының арасында жиі кездеседі (47%); ал бұл пікірмен келіспегендер Түркістан облысының тұрғындары (70%) және Шымкент қаласының тұрғындары (69%) арасында жиі кездесті. Басқа белгілер контекстінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалмаған.



Сурет 37. «Ерлер үй шаруасын әйелдермен бөлісіп істеулері керек, мысалы, ыдыс жуу, үйді тазалау немесе тамақ дайындау» тұжырымы бойынша ерлердің пікірлерін олардың дінді ұстану деңгейлері бойынша қарастыру (n=1096)


Ерлердің басым көпшілігі (92%) мен әйелдер (81%) әйелдердің бала күтімі және тек үй шаруасымен айналысуы керек деп есептейді. Әрбір оныншы ер адам (8%) және әрбір бесінші дерлік әйел (19%) бұл мәлімдемемен келіспейтіндіктерін білдірді. Айырмашылықтар $p < 0,05$ деңгейінде маңызды, бұл пікірдің әйелдерге қарағанда ерлер арасында кең таралғанын көрсетті (38-сурет).



Сурет 38. «Әйелдер бала тәрбиесімен және үй шаруаларымен айналысуы керек» тұжырымы бойынша респонденттердің келісу деңгейлері


Бұл мәлімдеме басқа әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар аясында да талданған, айтарлықтай айырмашылықтар байқалған жоқ.. Мысалы, 39-суретте діндарлық деңгейі бойынша нәтижелер берілген, деректер діндарлық деңгейіне

қарамастан, ерлердің басым көпшілігі әйелдердің бала күтімі және үй шаруасымен айналысуы керек деген пікірде екенін көрсетеді.




Сурет 39. «Әйелдер бала тәрбиесімен және үй шаруаларымен айналысуы керек» тұжырымы бойынша ерлердің пікірлерін олардың дінді ұстану деңгейлері шеңберінде қарастырудың нәтижесі (n=1096)

Ерлердің көпшілігі (67%) мен әйелдердің (81%) Қазақстанда ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері тең деген пікірде. Ерлер арасында (31%) әйелдер (24%) арасында бұл мәлімдемеге келіспеушіліктер көп екенін атап өткен жөн, айырмашылықтар айтарлықтай ($p < 0,05$) (40-сурет). Осылайша, ерлер арасында елімізде ер мен әйелдің құқықтары мен мүмкіндіктері тең емес деп санайтындар жиі кездеседі. Басқа әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстінде айырмашылықтар жоқ.




Сурет 40. «Қазақстанда ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері тең» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері

Ерлердің көпшілігі (68%) және әйелдер (83%) Қазақстанда әйелдер мен ерлер арасындағы теңдікке қол жеткізу үшін, жүйелі жұмыс жасау қажет деген пікірді («толығымен келісемін» және «келісемін» деген жауаптардың қосындысы) бөліседі. Байқалған айырмашылықтар статистикалық маңызды ($p < 0,05$). Бұл мәлімдемемен келіспеушілер ерлер арасында (28%) әйелдерге (13%) қарағанда екі есе дерлік көп (41-сурет).




Сурет 41. «Қазақстанда ерлер мен әйелдердің теңдігін орнату үшін, әліде алдағы уақыттарда жұмыстар атқару керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлері

Бұл мәлімдемемен келіспейтіндер өздерін қатты діндар деп бағалайтын ер адамдар арасында (35%) мүлдем дінге сенбейтіндер арасында (18%) қарағанда әлдеқайда жиі кездеседі, діндарлық деңгейі бойынша деректер 42-суретте көрсетілген. Басқа әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстіндегі айырмашылықтар байқалмаған.



Сурет 42. «Қазақстанда ерлер мен әйелдердің теңдігін орнату үшін әліде алдағы уақыттарда жұмыстар атқару керек» тұжырымы бойынша ерлердің пікірлерін олардың дінді ұстану деңгейлері бойынша қарастыру (n=1096)

«Қазақстанда әйелдер мен ерлер теңдігіне қол жеткізу үшін әліде алдағы уақыттарда жұмыстар атқару керек» деген мәлімдемеге қатысты аймақтар бойынша бөлінген деректер де, барлық облыс тұрғындарының көпшілігінің бұл тұжырыммен келісетінін көрсетеді. Аймақ бойынша бөлу 43-суретте «толығымен келісемін» жауаптарының кему ретімен көрсетілген. «Толық келісемін» деп жауап бергендердің басым бөлігі (54%) Жамбыл облысының респонденттері арасында кең тарағанына қарамастан, олардың арасында «толығымен келіспеймін» деген жауаптар (11%) көрсетіп, бұл да кең тараған. Басқа әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар контекстінде айырмашылықтар жоқ.



Сурет 43. «Қазақстанда ерлер мен әйелдердің теңдігін орнату үшін әліде алдағы уақыттарда жұмыстар атқару керек» тұжырымы бойынша респонденттердің пікірлерін аймақтар бойынша қарастыру


Жалпы, сауалнамаға қатысушылардың жауаптарының нәтижелері көрсеткендей, ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдік мәселелеріне қатынасы екі ұшты, ерлердің басым бөлігі гендерлік теңдік тұжырымдамасын қолдайтынына қарамастан, кейбір пікірлермен келіспейтіндері әйелдерге қарағанда ерлер арасында жиі кездеседі. Ерлер арасында да айырмашылықтар бар: әйелдердің ерлер сияқты құқықтары мен мүмкіндіктері болуы керек деген пікірмен келіспейтіндер бар. Жалпы гендерлік теңдік мәселелері бойынша діндар ерлер арасында ерлер мен әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктері тең деген тұжырымға келіспейтіндер әлдеқайда көп, осындай

респонденттердің көбі қандай нақты конфессияға байланысты емес, бірақ өздерін жоғары діни сенімдері бар деп есептейтін ерлер арасында көп екені анықталды. Сондай-ақ, гендерлік теңдік мәселелерімен келіспейтіндер орта немесе толық емес білімі бар ер адамдар арасында жиі кездесті. Гендерлік теңдік туралы бірқатар мәлімдемелер үшін елді мекеннің түрі мен аймақтары бойынша айырмашылықтар байқалады. «Әйел өз отбасын сақтап қалу үшін, зорлық-зомбылыққа шыдай беруі керек» деген пікірге қатысты пікірлердің таралуына назар аударсақ, онда бұл пікірмен келісетіндер қалаларда (12%) қарағанда ауылдарда (21%) тұратындар арасында жиі кездесетіндіктері анықталды; Шымкент қаласында (38%), Түркістанда (43%) және Атырау облыстарында (30%) бұл пікірмен келісетіндер жиі кездесті.

Қазіргі кездегі отбасымен қарым-қатынас


Осы бөлім аясында респонденттердің нағыз, қазіргі кездегі отбасындағы ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастары туралы бірқатар сұрақтар қойылды. Бұл бөлімдегі сұрақтар кәмелетке толмаған балаларын өз бетінше тәрбиелеп отырған ер адамдарға, яғни жалғызбасты әкелерге қойылмаған. Зерттеудің нысаны, ол некедегі ерлер мен әйелдер, олар тікелей кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеуге қатысты. Зерттеудің нысандары осы зерттеудің іріктеу жиынтықтарының сипаттамаларын көрсетті, ол бойынша ерлі-зайыптылардың орта есеппен 15 жыл бірге тұратыны анықталды (Std.dev. - 8,7), ең азы - 1 жыл, ең көбі 45 жыл бірге ерлі-зайыптылардың бірге тұратындықтары анықталды.

Көптеген отбасыларда (61%- 62%) ерлі-зайыптылардың білім деңгейі бірдей екендігін көрсетті. Әрбір төртінші отбасында дерлік (23%) әйелдердің білімі жоғары, олардың білім деңгейі ерлерге қарағанда жоғары екендігі анықталды. Отбасылардың 15%-16% ерлердің білім деңгейі әйелдерге қарағанда жоғары екендігін көрсетті (44-сурет).




Сурет 44. «Сіздің және сіздің күйеуіңіздің/әйеліңіздің білім деңгейлеріңіз қандай?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Ерлердің (98%) және әйелдердің (95%) басым көпшілігі жұбайларымен жақсы қарым-қатынаста екенін атап өтті. Сонымен қатар, ерлер (54%) әйелдерге (41%) қарағанда жұбайларымен өте жақсы қарым-қатынаста екендіктерін жиі атап өтті. Жұбайларымен қарым-қатынасты бағалау кезінде әйелдер қарым-қатынастарын «жақсы» деп бағалады (53%), ал ерлер бұл сұрақ бойынша 10% қарым-қатынастарын жақсы деп бағалаған. Жалпы, әйелдердің 4%-ы жұбайларымен қарым-қатынасы «жақсы емес» екенін атап өтті, ерлер арасында мұндай респонденттер 2% көрсетті. Нашар қарым-қатынастарды әйелдердің 1% және ерлердің 0,3% атап өтті (45-сурет).



Сурет 45. Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарын өзіндік бағалаулары

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ерлі-зайыптылар өздерінің өмірлік мәселелерін бір-бірімен әртүрлі жиілікте талқылайды, сондықтан ерлі-зайыптылардың көпшілігі өздерінің қарым-қатынастарын жақсы бағалайтындықтарын айтқан. Ерлі-зайыптылардың көпшілігі (60%-63%) бір-бірімен өмірлік мәселелерін аптасына бір рет болсын талқылағандықтарын атаған. Қалған ерлі-зайыптылар өздерінің проблемалары туралы бір-бірімен де, әртүрлі жиілікте сөйлескендіктерін атаған. Ерлер мен әйелдердің 3% ғана бұл сұраққа жауап беру қиналған (46-сурет).



Сурет 46. «Сіз соңғы рет қашан өзіңіздің өмірлік мәселелеріңіз жөнінде жұбайыңыз/жарыңызбен сөйлестіңіз?» сұрағы бойынша жауаптардың көрсеткіштері

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушылар ерлі-зайыптылар арасындағы жақсы қарым-қатынасты, мәселелерді бірлесіп талқылауды, шешім табуды және жанжалды жағдайларды азайту жайлы талқылады, ол төменде көрсетілген:

- *«Отбасындағы барлық жауапкершілік пен жұмыстар арамызда теңдей бөлінгеніне көңілім толады, бәрі жақсы. Әйеліммен мәселелер туралы сөйлесеміз, кешке отырып, қандай проблемаларды, нені қалайтынымызды, қайда барғымыз келетінімізді талқылаймыз, мәселемізге байланысты сөйлесесіп бірге шешімдер қабылдаймыз. Қазір бәрі жақсы, қызымыз жақсы білім алуы үшін жақсы өмір сүргіміз келеді, біз пандемия туралы айтып отырмыз және ешкімнің ауырмауын қалаймыз. Көбінесе, мен, әйеліммен мені не мазалайтынын бөлісемін, қазір жұмыста қысқартулар болып жатыр, біз барлығын дерлік талқылап жатырмыз, бірге шешімдер қабылдап, кеңесеміз».*
- *«Дау-дамайлар бар, бірақ күрделі, үлкен емес, сондықтан ажырасқанға дейін мәселелер мен ұрысты жеткізбейміз. Жас кезімізде түсінбеушілік пен менмендік болды, қазір күнделікті өмірде, ұсақ-түйектерде жиі сөзге келісіп қалатынымызда болады. Мен өзім де ашуға тез берілемін. Ұсақ-түйек мәселе мен жанжалдарға шыдаймын, кейде маған тұзды аз қосқаныма, бір жұмыстарды дұрыс істемей қалған кездерімде сөзге келулер болады, ұрысып қалып жатамыз, бірақ бұндай әрекеттен басқадан артық емес. Мен ренжітетін сөздерді жиі айтамын, ол ұстамдырақ, үндемейді, сабырлырақ».*

Бірақ, кейде артық сөздер айтып қоямын, ал ол үндемейді, барлығы тынышталып, сабырға келгеннен кейін мен кешірім сұраймын, ұяламын. Маған кешірім сұрауға, қайта байланыс орнату оңай болады. Ол қателессе де, мен оны бәрібір тегістеуге, қалыпқа келтіруге тырысамын. Бұрын олар жаңа үйленгенде кез келген жағдайда балағаттай беретінмін, ал қазір сирек, жасым ұлғайған сайын үндемеу керек екенін білемін. Бірақ бұл әрқашан нәтиже бермейді, мен арандатушымын, барлығын бастайтын менмін. Көп жағдайда ауыр сөздер менен келеді, дегенімен ол маған қол көтеріп, ұрған жоқ».

- *«Менің жұбайыммен арамызда ұрыстар болып тұрады, бірақ үлкен жанжалдар емес, өйткені менің күйеуім бейбітшілікті сүйетін адам және жағдайды күрделі қақтығыстарға дейін жеткізбейді. Бізде жанжал болатындай себептер жоқ, тек қана күйеуім көп ішіп қойса ғана сондай жағдайлар орын алады. Біздің арамызда ешқандай жанжалдар жоқ, өйткені біз егде жасқа келген кезде бірге қосылып, отбасын құрдық. Сондықтан, мүмкін, біз бәрін жақсы түсіндік, бір-біріміз туралы бәрін білдік, күнделікті тұрмыстық негіздегі жанжалдар бізде болмады. Бір-бірімізге ренжітетін сөздер айтпаймыз. Біз онымен танысқаннан бері өте жақсы доспыз. Ата-анамызбен ұрыс-керіс болмайды, кейде тек қана сөзге келіп қалулар орын алады, оның себебі кейде біз бір жұмысты дұрыс жасамай қалуымыз мүмкін, кейде өзімізде көп сөйлеп артық айтуымызда мүмкін болатын, тек сол кезде ғана сөзге келіп қалатынбыз. Ол адамдар ересектер, біз де жас емеспіз, әрдайым жанжалдарды болдырмауға, алдын алуға тырысамыз».*

Ерлер мен әйелдердің жұбайлары/жолдастарының жұмыспен қамтылуларына қатысты көзқарастары


Сауалнама барысында барлық респонденттерге «Сіздің жұбайыңыз жұмыс істей ме?» деген сұрақ қойылды. Осы сұрақтың толық жауаптары 9 кестеде көрсетілген, топталған ақпараттар 47 суретте толықтай көрсетілген.

Жалпы, ерлер мен әйелдердің көпшілігі жұбайлары әртүрлі қызметпен айналысады деп жауап берді: олар ұйымдарда/мекемелерде/компанияларда жұмыс істейді немесе жеке кәсіпкер немесе өзін-өзі жұмыспен қамтушы мәртебесінде жұмыс істейді, немесе бір уақытта оқиды және жұмыс істейді деп жауап берген. Бұл ретте әйелдер (93%) ерлерге қарағанда (60%) айтарлықтай жиі жұбайларының жұмыс істейтінін атап өтті, бұл ерлердің отбасылардың басым көпшілігінде жұмыс істейтінін көрсетеді.

Әйелдердің жауаптары бойынша жұмыссыз ерлер шамамен 5% құрайды, сондай-ақ ерлердің жауаптары бойынша - жұмыссыз әйелдер шамамен 19% құрайды екені анықталды (47-сурет). Әрбір бесінші ер адам (21%) жұбайының бала күтіміне байланысты демалыста екенін атап өтті. Бірде-бір әйел жұбайының бала күтіміне байланысты демалыста екенін атамаған, яғни бала күтіміне байланысты демалыстағы ерлер жоқ (47-сурет).

Кесте 9. «Сіздің жұбайыңыз/жолдасыңыз жұмыс істейді ме?» сұрағына жауаптардың таларуы


	Ерлер		Әйелдер	
	N	%	n	%
Барлығы	1002	100%	1029	100%
Ешқашан жұмыс істемеген	69	7%	4	0,4%
Жұмыс істемейді, бірақ жұмыс іздеп жүр	60	6%	40	4%
Жұмыс істемеген, жұмыс іздеп жүрген жоқ	56	6%	8	0,8%
Мекемеде/ ұйымда/ компанияда қызмет етеді	467	47%	601	58%
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған	96	10%	232	23%
Кәсіпкер, жеке кәсібі бар	36	4%	125	12%
Зейнетте	8	0,8%	17	2%
Білім алады	1	0,1%	1	0,1%
Білім алуда және жұмыс істейді	2	0,2%	1	0,1%
Бала күтіміне байланысты демалыста	207	21%	-	-



Сурет 47. «Сіздің жұбайыңыз/жолдасыңыз жұмыс істей ме?» сұрағының жауаптары бойынша топтастырылған ақпарат

48-суретте «Сіз жұбайыңыздың жұмыс жағдайына қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа жауаптардың таралуы көрсетілетін болады. 48-ші суреттегі сауалнаманың нәтижесі көрсеткендей, ерлер арасында (91%), ал әйелдер (86%). Осыған қарағанда ерлердің өздерінің жұбайларының жұмыс жағдайларына қанағаттану деңгейлерінің жоғары екендігін көруге болады. Яғни, жұбайының жұмыс жағдайына оң көзқараспен қарайтындар көп екендігі белгілі болды. Сәйкесінше, жұбайының жұмыс жағдайына көңілі толмайтын әйелдер (12%) ерлерге (7%) қарағанда көбірек. Ерлердің басым көпшілігі жұбайларының кез келген еңбекпен қамтылу мәртебесін оң қабылдайды, яғни олар жұмыс істейді немесе үй шаруасындағы әйелді жағымды қабылдайтындықтарын атаған. Сонымен қатар, әйелдер егер олардың жұбайы жұмыс істейтін болса оң көзқараста, ал жұбайы жұмыссыз болса теріс, қанағаттанбайтындықтарын атаған.

Ерлі-зайыптылардың еңбек жағдайы контекстіндегі талдау жұбайлары ұйымдарда/мекемелерде/компанияларда жұмыс істейтін респонденттердің айтарлықтай көбі жұптарының жұмыс орындарының мәртебесіне қанағаттанбайды екенін көрсетті (44%), яғни олар ерлі-зайыптылардың көрсетілген жұмыс орындарында еңбек еткендеріне қанағаттанбайды. Біздің ойымызша, ол мүмкін бұл мекемелердің беретін жалақының жеткіліксіздігінен немесе жұмыс жүктемесінің жоғарылығынан болуы мүмкін.




Сурет 48. «Сіз өзіңіздің жұбайыңыздың бұндай еңбекпен қамтылу мәртебесіне қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Отбасылық бюджетті жүргізудің тәжірибесі


Азық-түлік пен киім-кешек шығындарына қатысты отбасылық бюджетті басқару тәжірибесін зерделей келе, мәліметтер отбасылардың көпшілігінде (58%-62%) ақшаны қалай жұмсау туралы шешімді ерлі-зайыптылардың бірлесіп қабылдайтынын анықтадық. Отбасылардың айтарлықтай бөлігінде түпкілікті шешімді әйелдер қабылдайды, бұны әйелдердің 32% және ерлердің 25%-ы атап өтті. Ерлер отбасында

ақшаны тамақ пен киімге қалай жұмсау керектігі туралы соңғы шешімді қабылдамайды, осы бойынша жауаптар ерлердің 15% және әйелдердің 6% атап өткен (49-сурет).




Сурет 49. «Сіздің отбасыңызда тамақ және киім сатып алуға жұмсалатын ақша туралы соңғы шешімді кім қабылдайды?» сұрағы бойынша жауаптар

Сондай-ақ, ерлі-зайыптылардың көпшілігі үлкен сатып алу мысалы, тұрмыстық техника, жиһаз, автокөлік, үй сатып алу шығындары бойынша бірлескен түпкілікті шешім қабылдайтындықтарын атаған, яғни ерлердің 69% және әйелдердің 77% атап өтті. Әрбір төртінші адам (25%) ірі заттарды сатып алу туралы шешімді өзі қабылдайды. Бұл жайлы сонымен қоса әйелдердің 13% айтты, олардың отбасында үлкен шығындарды сатып алу туралы соңғы сөз ер адамда қалатыны белгілі болды. Әйелдердің ірі сатып алулар бойынша түпкілікті шешім қабылдаудың ықтималдығы әлдеқайда аз, ол әйелдердің 8% және ерлердің 5% екені анықталды (50-сурет).



Сурет 50. «Сіздің отбасыңызда ірі, көлемді (тұрмыстық техника, жиһаз, көлік, үй) сатып алу туралы соңғы шешімді кім қабылдайды?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Бюджетті отбасылық демалысқа қалай жұмсау керектігін шешкен кезде ерлі-зайыптылардың басым бөлігі ортақ шешім қабылдайды, нақты айтқан кезде ерлердің 71% және әйелдердің 77% осылай деп жауап береді. Бұл ретте соңғы шешімді көбінесе ер адамдар қабылдайды, бұл туралы ерлердің 22% және әйелдердің 11% айтты (51-сурет).



Сурет 51. «Сіздің отбасыңызда отбасылық демалысты, достар немесе туыстармен демалыс уақытын өткізуге жұмсалатын қаржыны жұмсау туралы соңғы шешімді кім қабылдайды?» сұрағы бойынша жауаптардың нәтижесі

Осылайша, отбасылық бюджетті басқару кезінде, әсіресе, үлкен шығындар мен демалысқа қатысты шешімдерді ерлі-зайыптылар жиі бірлесіп қабылдайды. Сонымен қатар, қымбат емес сатып алулар үшін (тамақ, киім) әйелдер жиі шешім қабылдайды, ал ерлер қымбатырақ заттар мен мүлкі (тұрмыстық техника, жиназ, автокөлік, пәтер, үй) сатып алу туралы шешім қабылдайды. Тереңдетілген сұхбатқа қатысушылар осы мәселе бойынша өздерінің тәжірибелері мен аталған сұрақтар бойынша әрекеттерін білдірген болатын:

- *«Отбасылық бюджетті ұйымдастырып, ұстанамыз. Соған арнайы үлкен дәптеріміз бар, тіпті күнделікті шығындарды жазуға тырысамыз. Табысты реттейміз, күйеуім маған өзінің айлығын бермейді. Бізде солай, әркімнің өз табысы бар. Мен толық емес күн жұмыс істеймін. Күйеуім менің ақшама тиіспейді, мен оның ақшасына тиіспеймін. Мен одан жалақысын сұрамаймын, ол тек менен қанша жалақы алғанын айтып, маған ақша керек пе деп сұрайды. Мен одан қарыз аламын, ақша болғанда қайтарамын, ол да менен қарыз сұрайды, қайтарады. Мұндай дәйектілік, ортақ жинақ қорының болмауына алып келеді, сондықтан бұл бізге ақша үнемдеуге аздап кедергі жасайды.»*
- *«Біз балаларға арналған шығындарды басынан бастап теңдей бөлеміз. Біз үлкен сатып алулар туралы келісеміз, әркім өз мүмкіндіктері туралы айтады. Мен осындай бөлінуге және отбасын материалдық қамтамасыз етудің ауыртпалығына үйреніп кеткенмін, қанағаттанамын да. Кафеге немесе басқа*

жерге барған кезде, мен ештеңе сұрамаймын, ол барлығын өзі төлейді. Менің күйеуім барлығын өзі шешеді және бізге не керек екенін де біледі, өйткені ол менің күйеуім және шаңырақтың иесі. Барлығын өзі сатып алады, кафеде тапсырыс береді. Мен коммуналдық қызметтерді төлеймін, бірақ ол киім-кешек пен тамақты сатып алады, біз онымен осылай шығындарды бөліп төлеуге келістік. Тоңазытқышты күнде ашып, жоқ азық-түлікті қарап, өзі сатып алады. Қонақ шақырсақ, мен оған керекті заттардың тізімін жасаймын, барлығын өзі сатып алады. Ол барлық несиені төледі, көлікті жөндеуге кететін қаржыны, үйге қажет заттарды сатып алуды өз мойнына алған. Барлығын менің күйеуім өзі сатып алуға шешімді қабылдайды».

- *«Отбасылық бюджетке сәйкес бөлу бізде былай жүзеге асырылады, ол жалақы алады да бізге берді, бізде барлық ақшаны салатын белгілі бір жер бар. Қазіргі уақытта менің табысым жоқ, ол жалақысын ортақ бюджетке қояды және мен барлық шығындарды басқарамын, егер үлкен сатып алулар болса, балалардың туған күні немесе жоспарланған демалыс болса, біз шығындарды бірге талқылаймыз. Барлығын бірге талқылап, келісіп жасаймыз. Кішігірім несиелер бар, баламның туған күніне телефонды бөліп төлеуге алдық, ұсақ-түйекке ғана несие аламыз, бірақ үлкен сомаға несие алмаймыз. Бастапқыда бәрі бізде осылай қалыптасып, басталды. Ол барлық табысын ортақ бюджетке сала бастады, ол менің кірісімді ешқашан сұрамайды немесе тексермейді. Маған сенеді, менен ақшаны қайда жұмсағанымды, қанша ақша құртқанымды қанша ақшаның қалғанын да сұрамайды. Басынан қалыптасқандай қазір де ол барлық табысын үйге алып келеді, өзіне деп те ақша қалдырмайды, тіпті өзіне кішкентай зат болса да алмай келеді. Мен өзім тамаққа, азық-түлікке тізім жазып, сатып алуға ақша жұмсаймын, кейде басқа нәрселерге жұмсаймын. Мен нені сатып алу керек екенін сұрамаймын, бәрін өзім істеймін».*

Идеалды ерлі- зайыптылардың сипаттамалары

Сауалнама барысында әйелдер идеалды жардың негізгі белгілерін, ал ерлер идеалды жұбайларға тән қасиеттерді атады.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, егер әйелдердің басым көпшілігінің пікірінше, *идеалды әкенің* ең көп таралған негізгі белгісі – **Сенімді** болса, *идеалды жардың/күйеудің* сипаттамаларына қатысты бірінші кезекте – **Қамқоршы** аталды.

Жалпы, идеалды жарды сипаттайтын негізгі он критерилер: қамқор, сүйіспеншілік, мейірімді, инабатты, адал, мұқият, жауапты, адал, түсіністік, жақсы ақша табу болды (52-сурет).

- *«Идеал күйеу/жұбай алдымен адал болуы керек. Сөзіне, ісіне, шешіміне жауапты, қаржылық жағынан бай әрі тәуелсіз, өмірде біреуден және бірдеңе күтпейтіндей, өз мәселесін өзі шеше алатындай болуы керек. Сонымен қоса, ол әйелдің артына, «белдемше кимей», біреудің қалтасы мен қолына қарап отырмауы керек. Ер адам ол жауапкершілігі мол болуы керек, сонымен қоса ол*

Ер адамдар да идеалды жұбайдың/әйелдің негізгі сипаттамаларын атап өтті, бірінші кезекте мінездеме - *Сүйіспеншілік*. Жалпы, идеалды жардың ең көп кездесетін он қасиеті: аяулы, қамқор, мейірімді, ақылды, адал, әдемі, үй шаруаларына бейім, адал, ерін сыйлайтын, түсінігі мол (53-сурет).

- «*Әйелдік мінезі бар, балаларға жақсы күтім жасайтын және тәрбиелейтін, үй шаруасына бейімі бар әйел. Ең бастысы үлкенді сыйлайтын болуы керек*».
- «*Мейірімділік, адамдық, ата-анаға құрмет көрсетуі керек. Адал және ақылды ана болса балалары да одан үлгі алады*».
- «*Сүйікті, күйеуі жұмыстан келген кезде онымен сөйлесіп, мейіріммен құшақтауы керек. Күйеуінің қарнының тоқ болуы, таза киінуі, жақсы күтімінің болуы барлығы әйелге байланысты. Күйеуі үйде болғанын қаласа, онда әйелі сексуалды (тартымды) болуы керек*».

Ерлердің идеалды ананың мінездемесін жасау кезінде, кең қолданылған сипаттама ол – **Қамқор** (мейірімді, аяулы).



Сурет 53. Ерлердің пікірлері бойынша мінсіз жұбайды/әйелді сипаттайтын қасиеттер

Отбасылық өмірдің негізгі мәселелері

Сауалнама барысында барлық респонденттерге отбасылық өміріндегі негізгі проблемаларды анықтау бойынша сұрақтарға жауап беру ұсынылды. Сауалнамаға қатысқан ерлер (70%) мен әйелдердің (80%) абсолютті көпшілігі, олардың отбасылық өмірінде мәселелердің жоқтығын айтты, дегенімен респонденттер, отбасыларында келіспеушіліктер, түсініспеушіліктер, материалдық қиындықтар бар екенін, бірақ мұның бәрі шешілетінін атап өтті. Сондықтан сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, бұндай қиындықтарды «мәселелер» ретінде атауға болмайтындығын, тек «бұл қарапайым күнделікті өмірден» туындайтын сөзге келісіп қалулар деп бағалаған болатын.

Жалпы, әрбір бесінші әйел (20%) және әрбір үшінші еркек дерлік (30%) отбасылық өмірлерінде әртүрлі проблемалардың бар, болған екендігін айтқан. Негізгі мәселелердің мағынасы бойынша нәтижелер топтастырылып, 54-суретте көрсетілген.


Ең жиі кездесетін мәселелер – материалдық мәселелер, яғни қаржылық мәселелер, әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қаржының жетіспеушілігі, бағаның жиі өсуі және соның салдарынан несиелерді алудың, барлығы отбасылар үшін қиындықтар туындатқан. Кейбір респонденттердің атап өтуінше, олардың отбасында бірнеше несие бар, оны өтеу отбасылық бюджеттің көп бөлігін алады. Отбасылық проблемаларды анықтаған респонденттердің (687 әйел және 523 ер адам) арасында отбасыларында қаржылық проблемалардың бар екенін ерлердің 49% және әйелдердің 41% атап өтті.

Екінші жалпы мәселе - ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністік мәселесі, осындай негіздегі мәселердің бар екенін ерлердің 8% және әйелдердің 13% атап өтті. Респонденттер кейде отбасылық өмірдің әртүрлі мәселелері бойынша келіспеушілік, дау-дамай, түсінбеушілік туындайтынын атап өтті.

Үшінші кең тараған проблема – тұрғын үй мәселесі, яғни жеке баспананың жоқтығы. Бұл отбасылық өмірдегі проблемаларды мәлімдеген респонденттердің 11% ер адамдар мен 9% әйелдер атап өтті, бұл 523 ер және 687 әйел.

Тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің келесі, төртінші тобына ерлі-зайыптыларды мазалайтын тұрмыстық-әлеуметтік сипаттағы әртүрлі мәселелер, мысалы, балаларды балабақшаға орналастыру, балаларға білім беру, демалыстың қолжетімсіздігі, үйді жөндеу, күнделікті өмірдегі келіспеушіліктер, коммуналдық мәселелер және т.б. жатады.

Сауалнама деректеріне сәйкес, отбасылық өмірдегі жиі кездесетін мәселелерге мыналар жатады: балалар мен отбасына көңіл бөлуге уақыттың болмауы, жақын адамдарының әртүрлі денсаулық жағдайларына байланысты проблемалары, жұмыс және күнделікті мәселелер. Әйелдер (3%) ерлерге (0,4%) қарағанда зиянды әдеттер (көбінесе алкогольді асыра пайдалану) мәселесі туралы көбірек айтты (54-сурет).



Сурет 54. Отбасылық өмірдің негізгі мәселелері, n(ер) =523 және n(әйелдер) =687

Тереңдетілген сұхбатқа қатысушылар өз тәжірибелерімен және пікірлерімен бөлісті. Сол бойынша респонденттердің отбасыларында қаржылық тұрғыдан туындайтын қиындықтары, қарым-қатынастардағы проблемаларды атап өтті: *«Иә, біз де ұрысып тұрамыз. Ол әртүрлі мәселелерден шығуы мүмкін, ақша жетпей қалатын кездер бар, кейбірде бірдеңке керек, кейде екінші зат керек, кейде бір жұмыстарды атқармай қалуымыз мүмкін, кейде мәселелер туыстарға қатысты болып шығуы мүмкін. Осындай кездерде айғайлаймыз, ұрысамыз, дегенімен қатты көңілге тиетін сөздерді айтпауға тырысамыз, бірақ кейде ол да болып тұрады. Әдетте мен тез достасуға барып, барлығын шешуге, кешірімге барамын. Ал менің әйелім, бірнеше күн ренжіп жүруі мүмкін. Жанжалды әркім шығаруы, бастауы мүмкін. Дегенмен, оның басталуы да әртүрлі себептерге байланысты туындайды».*

Сарапшылар сұхбаттарында отбасылардағы материалдық мәселелердің себебі - халықтың қаржылық сауатсыздығы туралы айтады. Сондай-ақ сауалнама барысында респонденттердің өздері де қазақстандықтардың отбасындағы басқа да проблемалар туралы айтып өткен болатын.

- *«Қаржылық сауаттылық мәселесі барлық өңірлерде өткір көрініс табуда, адамдарда білім деңгейін көтеруге, нығайтуға, тиісінше қаржыны дұрыс басқара білуге құлшынысы мен ынтасы жоқ екені анықталды. Әсіресе, елдің оңтүстігінде қаржылық сауатсыздық көптеп байқалады. Адамдар қаржылық кедейлікке байланысты қиындықтарға тап болады, әрқашан ақша жеткіліксіздігін сезінетіндіктері анықталды. Адамдардың той жасауға үнемі ақшасы бар, той жасауға көбіне несие алу керек, бұл мінез-құлық қаржылық сауатсыздықтан туындаған. Халықтың банктер мен түрлі микрокредиттік ұйымдарға, сондай-ақ ломбардтардың барлық түрлеріне берешегінің деңгейі өсуде, оңай алуға болатын және қарыздық шұңқырға батырылатын түрлі тұтынушылық несиелер де кең таралған».*
- *«Отбасы әртүрлі, қазіргі кезде ұлттық салт-дәстүрді ұстанатындар бар, бірақ халықтың көпшілігі сол салт-дәстүрді ұстанбайды. Салт-дәстүрді ұстанудан айырылды, қазір ажырасулар көп, себебі қазіргі кезде адамдар жауапкершіліктің не екенін түсінбейді. Жастар неке дегеннің не екенін түсінбейді, оны той, тойда киетін киімдер мен қазіргі жоралғылар, мереке деп қабылдайды. Сондықтан, біз жауапкершіліктің не екенін айтып, жауапкершілікті түсіндіруіміз керек. Отбасын құру дегеніміз бір-бірін қабылдау және қолдау, отбасы сұрақтарына саналы түрде жақындау керек. Бұл жағдайда мемлекет кінәлі емес, себебі мемлекет әртүрлі отбасыларға қазіргі кезде көмектеседі».*
- *«Бала бақытты отбасында өсуі керек, сонда ол бақытты болады. Ондай балалар ойшыл болып өседі. Қазір балалар бақытсыз, себебі ата-анасы бақытсыз. Жас отбасы, дәлірек айтсақ, ата-ана баланың бақытын ойламайды, олар тек өздерін ғана ойлайды, өздерінің еркекпен, күйеуімен немесе әйелмен қаншалықты бақытсыз екендіктерін ойлайды. Осындай бақытсыз жас ата-аналар баланың бақытын, ол өскенде қандай адам болатынын ойламайды».*

Сауалнамаға қатысушылардың ұсыныстарының ішінде мемлекет отбасыларға анықталған проблемаларды шешуге қалай көмектесе алады деген сұрақ бойынша ең жиі аталып жүрген жауап – ең төменгі күнкөріс деңгейі мен отбасыларды әлеуметтік

қолдау бағдарламасын қайта қарау, жалақыны көтеру, өмір сүру сапасын арттыру, бағаның өсуін тоқтату, несие пайызын төмендету, мұқтаждарды әлеуметтік қорғау, тұрғын үй, балабақша мәселелерін шешу, тегін орта арнаулы және жоғары білім алуды қолжетімді ету, балаларға арналған тегін үйірмелер мен секциялар ашу аталған. Сондай-ақ отбасылық психологтың тегін курстарын, тегін емделуін, мүмкіндігінше отбасылар үшін тегін немесе жеңілдікті санаторлық-курорттық демалыстарды ұйымдастыру ұсынылды.

- *«Мәселе баспана алу және тұрғын үй жағдайын жақсартуда қалып отыр. Мемлекет тарапынан түрлі қаржыландырылатын мемлекеттік бағдарламалар жұмыс істеп жатыр, бірақ оның нәтижесі отбасыларға тиімді көмегін көрсете алмай отыр. Баспана алу – көптеген отбасылар үшін мүмкіндік, сондықтан бастапқы жарна өте аз болуы керек. Жас отбасы үшін мәселе – баспана, бала санына қарамастан баспана алудың мемлекеттік жеңілдетілген бағдарламаларына көмектесу үшін жас отбасыларды нақты қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыру қажет».*
- *«Көп балалы аналар митингке шығып жәрдемақы көлеміне шағымданып жатыр, бұл күнкөріс құнының ескі әдіспен есептелуіне байланысты. Ең төменгі күнкөріс деңгейін есептегенде, біз адамдардың негізгі қажеттіліктерін қарастырамыз, біз бұл адамдардың нақты әл-ауқатын ескермейміз. Қазір жәрдемақы мен зейнетақы қалыпты өмір сүруге жеткіліксіз. Мемлекет ең алдымен өмір сүру минимумы мен тұтыну қоржынының құнын қарап, қайта есептеуі керек. Елімізде әрбір екінші отбасы тұтынушылық несие алады, бұл да мәселе, тұтыну көлемін өзгерту керек, банк несиеcін алып тастау керек. Тұрмыстық техникаға, пәтер, көлік сатып алуға арналған банктік несиелерді алып тастауды ұсынамын. Адамдардың заттарды сатып алуға ақшасы бар, дегенімен бірақ азық-түлік сатып алуға ақшасы жетпейді».*
- *«Біздің ел халқының шамамен 70% толыққанды өмір сүрмейді, олар жай ғана төменгі деңгейде күн көреді. Сондықтан, ең алдымен, жәрдемақылар мен зейнетақылардың мөлшерін қайта қарап, көп балалы отбасылардың, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының өмір сүру жағдайын қарастырып, халықтың барлық әлеуметтік осал топтарын көмекпен қамту қажет. Қазіргі заманғы көзқарастар бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу әдісін дұрыс таңдау керек. Ұзақ уақыт бойы тұтыну қоржыны жаңартылмады, тек кейбір компоненттер жаңартылды, бірақ бұл бізге толық өмір сүруге мүмкіндік бермейді».*
- *«Ауылдарда білім алушылар арасында білім деңгейінде күрделі мәселелер әліде сақталуда, яғни ауылдық білім беру артта қалуда. Әлеуметтік саладағы проблемалар, мүмкіндігі шектеулі балалардың көпшілігі жұмыс істемейтін отбасынан шыққан. Мұндай отбасыларда әдетте әкесі кетіп қалады, себебі мүгедек бала тәрбиелеу оған стресс болады, моральдық және материалдық мәселелер туындатады деп ойлаймын. Мемлекет бала күтімі бойынша жәрдемақыны ұлғайту керек, сонымен қатар анаға атқарған еңбегі мен бала тәрбиелегені үшін белгілі бір соманы аудару қажет, ал соманың бір бөлігі оның зейнетақы қорындағы шотына аударылуы тиіс деген ойдамын. Қазір біз әлеуметтік қолдау туралы кодексті қабылдап жатырмыз, бұл кодекс барлық сұрақтар мен қажеттіліктерді ескере отырып, отбасылардың барлық санаттарын қарастыратын өзіндік квинтэссенциясы болуы керек».*

Сарапшылар отбасылардың мәселелерін шешуге қолдау көрсету үшін түрлі шараларды ұсынды. Мамандардың пікірінше, жағдайды бақылап, қандай көмек көрсету керектігін, қандай проблемалар бар екенін, олардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіну үшін отбасыларда мерзімді түрде зерттеу жүргізіп отыру қажет. Отбасылық құндылықтарды және өзімізді (ересектерді) де, болашақ ұрпақты да жауапты тәрбиелеу жүйесін дамыту және нығайту арқылы отбасы мәдениетінің деңгейін көтеру қажет. Отбасылық мәселелерде сауаттылықты арттыру, әке мен ана рөлін арттыру үшін кешенді жоғары сапалы білім беру бағдарламалары мен курстарын енгізу де маңызды. Сонымен бірге қазіргі заманғы өзгерістерді ескере отырып, отбасының әрбір түрін және туындайтын ерекшеліктерін, мәселелерін зерттеуде әртүрлі тәсілдер әзірлеу керек.

– *«Әр адам өз отбасында өседі, бірақ балаларды қалай дұрыс тәрбиелеу керектігін, баланың болашақ отбасының амандығы үшін қандай білім беру керектігін, бақытты адам болуға қалай үйрету керектігін ешкім білмейді, әркім ата-анасының отбасында алған ережелері мен құндылықтары бойынша ары қарай да өмір сүре береді. Бүгінгі таңда заман талабының барлығын ескере отырып, сауаттылықты арттыру үшін жас кезінен бастап өзін қалай ұстау керек, отбасы дегеніміз не, ер мен әйелдің қарым-қатынасы, ананың және әкенің қарым-қатынасы туралы, гендерлік теңдікке үйрететін белгілі бір оқыту бағдарламаларын енгізу қажет. Мұндай курстарды әр жас ерекшелігіне қарай жеке-жеке бейімдеу керек, тәрбиені балабақшадан бастау керек, мемлекет осымен кешенді түрде жұмыс істеуі қажет. Бұқаралық ақпарат құралдарының жазуынша, әр отбасына үңіліп, олардың өмірін зерделеу, тереңірек талдау және әртүрлі бағалау мен талдауларды жүргізу арқылы отбасылардағы жағдайларды анықтауға мүмкін. Мұндай зерттеулер үздіксіз және ұзақ уақыт бойы жүргізілуі керек, ал қазіргі кезде отбасын терең және толық зерттеудің жоқтығы себебінен үлкен, өзекті мәселелер туындауда».*

– *«Халықтың әрбір тобына бағытталған біржақты стратегияны әзірлеу қажет, сонымен қоса белгілі бір ұлттық мәселелерді зерттеу және шешуге көмектесу, адамдардың санасы мен көзқарасын өзгерту, сонымен қатар бақытты отбасы институтын үнемі қолдау және нығайту қажет. Отбасын зерттеуді мақсат ету керек, отбасының әртүрлі типологиясын зерттеп, барлық ерекшеліктерді ескере отырып, әркімде әртүрлі мәселелер бар екендіктерін біліп, оларды шеше аламыз. Егер белгілі бір отбасында қандай проблема бар екенін білсек, онда бұл мәселеден шығу немесе шешу жолдарын табуға болады екендігінде білеміз».*

– *«Мемлекет отбасынан басталады, әрбір отбасы үлкен мемлекеттегі шағын мемлекет. Көпшіліктің әл-ауқаты мемлекетіміздің бүгінгі мен болашағын айқындайды, мемлекеттің халықтың өміріндегі рөлі зор. Әр отбасы бір-біріне ұқсайды, сонымен қатар ұқсас емес қырлары да бар болып келеді. Мемлекеттің басты мақсаты мен жұмысы - бақытсыз отбасыларға көмектесу, өйткені мұндай отбасылардан зұлым балалар, шарасыз адамдарды өлтірушілер, ұрылар шығуы мүмкін. Бұлай деп айтуымның себебі мұндай адамдардың негізгі бөлігі бақытсыз отбасылардан шыққан және өмір сүргендер, осыдан кейін олар аталған әрекеттерге барған болып есептелінеді. Кеңес дәуірінде мемлекет мұқтаж отбасыларға көмектесті, балалары қамқорлығында болды, барлығы мектепте, интернатта, институтта тегін оқыды, мұның бәрі отбасы институтына көмектескен идеалды мемлекеттің көрінісі болып табылады. Қазіргі кезде*

мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар жүргізілуде, бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттар бар, дегенімен мұның бәрі отбасы институтының дамуына көмектеспейді. Енді мемлекет мұқтаж отбасыларды материалдық жағынан ғана емес, моральдық жағынан да қолдауы керек, сонда ғана мемлекет қалыпты дамиды болады».

Сарапшылар отбасының рөлін, әке мен шешенің, ерлі-зайыптылардың әртүрлі деңгейдегі рөлін күшейту шараларының маңыздылығын атап өтті, олар отбасы құндылықтарын нығайту үшін ақпараттық жұмыстар мен шараларды өткізуді ұсынады, бұл іс-шаралар отбасылардың барлық түрлері мен параметрлерін ескеріп және қазақстандықтардың қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып жасалынуы керек. Бұл ретте оқу орындарында жастарға, ерлі-зайыптыларға отбасының маңыздылығы, ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері, отбасы құндылықтары, ата-ана тәрбиесі және ересек балалардың ата-аналары алдындағы жауапкершілігі, жалпы жауапкершілік туралы түсіндірілетін тәрбиелік шаралар, тренингтер, семинарлар өткізу қажет. Халықтың барлық санаттары арасында отбасын дамыту, отбасылық салауаттылық, отбасылық құндылықтар мен мәдениет саласында оқытудың бағдарламаларын құрастырып, сол бойынша жүйелі негізде білім және тәрбие беру жұмыстарын атқару керек.

- *«Мемлекетке отбасы институтын нығайту бойынша жұмыс жүргізетін бағдарлама жасау қажет. Ол үшін біріншіден, заңнамалық базаны нығайту керек, қазіргі кезде ол жерде бәрі ескерілмейді. Өзгерістерді көру және түзетулер енгізу үшін әртүрлі мәселелерді толық қарастырып, зерттеу үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізу керек. Тағы бір мәселе, жас отбасы үшін дайындық курстары жоқ, әсіресе бала тәрбиесіндегі әкелердің рөлін арттыру керек. Қазір толық емес отбасылар көп, мұндай отбасыларда ұлдар әкесіз, әкенің тәрбиесінсіз өсіп келеді».*
- *«Мектептерде отбасы құндылықтары, отбасы тәжірибесі туралы оң бағытта курстар енгізу, отбасы негіздеріне неке және отбасы деген не екенін оқушыларға үйрету керек. Мектеп бағдарламасына отбасылық өмір курстарын енгізу. Цифрландыру дәуірінде отбасын құрғысы келетін жас жұбайлар үшін неке, некедегі қарым-қатынас, отбасы және отбасы құндылықтары туралы ақпарат алатын белгілі онлайн платформаларды жасау қажет. Мысалы, отбасын құрған жас жұбайлар қарапайым нәрселерді білмейді. Сондықтан, бізге практикалық жұмыс сабақтары қажет, ұлдар мен қыздарды үй жұмыстары және шаруашылығына еңбек ету дағдыларын үйрету, тамақ дайындауды үйретуіміз де қажет».*
- *«Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде мүмкіндігінше үгіт-насихат, ақпараттандырулар мен басқа да жұмыстарды жүргізу керек. Отбасыларға моральдық көмек көрсетілгені жақсы, материалдық көмек әрқашан жас отбасының дамуына көмектесе бермейді».*
- *«Отбасылар арасында ақпараттық жұмысты жүйелі түрде жүргізу қажет. Мектеп бағдарламасына отбасы құндылықтары туралы сабақтарды қосу да маңызды. Мектептегі білім беру бағдарламалары отбасы, отбасы құндылықтары және азаматтық қоғам туралы білімді қамтуы керек. Азаматтық қоғам тәрбиесімен симбиоз, білім беру бағдарламалары болуы керек. Қазір мемлекет өрт сөндіруші рөлін ойнап жатыр, біз өртті сөндіреміз, дегенімен соңында зардаптарымен жұмыс істеп жатырмыз. Қазір көріп*

отырғанмыздың бәрі соның салдары, біз 90-жылдары отбасылық және адами құндылықтарды жоғалттық. Бұл қиын және сынаққа толы жылдардың бірі болды».


- *«Барлық ресурстарды пайдалана отырып, ақпараттық жұмыс жүргізу және онлайн платформалар арқылы насихаттау жұмыстарын атқару керек. Ақпаратты мақсатты түрде тарату және онымен жұмыс жасау маңызды. Жақында көп балалы отбасылардың тұрмыс жағдайын зерделеу мақсатында зерттеу жүргізілді, деректерге сүйенсек, Қазақстанда отбасын қолдауға арналған көптеген бағдарламалар бар, бірақ халықтың көбі олар туралы мүлде білмейді екені анықталды. Халық ақпарат алмайды, елімізде ақпараттық компаниялар аз. Бізге тұрақты негізде отбасының жағымды бейнесін жасайтын, олардың бақыт пен махаббат сырларын, тәрбие үлгілерін ашып, көрсететін, әке мен ана рөлін арттыратын ақпараттар мен ақпараттық компаниялар қажет».*
- *«Жастар үшін «отбасын құру» бойынша тұрақты курстар, мектептерде сабақ беру керек. Бізге мектепте отбасылық құндылықтар туралы айтылды, қазір ол жойылды. Білім және ғылым министрлігі тәрбиемен емес, біліммен ғана айналысамыз дейді. Мектеп білім бермесе, ал ата-ананың бәрі жұмыс істеп уақыттары болмаса, балаларды кім тәрбиелейді?!».*
- *«Мектепте аптасына бір рет отбасылық өнер сабағын үйрететін бағдарлама енгізу, бұл сабақта отбасын дін тұрғысынан түсіндіру, жағдаяттық мәселелерді шешу жасалынуы тиіс. Бізге адамгершілік туралы, дұрыс әрекеттер туралы, не істеуге болады және не істеуге болмайтыны туралы сабақтар керек. Жасөспірімдік кезеңде балалармен тереңдетілген мәселелер туралы, әртүрлі аурулар туралы, қауіпсіз мінез-құлық туралы балалармен сөйлесіңіз. Мұндай сабақтар зайырлы көзқарас тұрғысынан және дін тұрғысынан, ұлттық ғана емес, діни құндылықтарды ескеру керек, барлық дін тек жақсы нәрселерді уағыздайды. Діни тұрғыдан алғанда, отбасы құндылықтары туралы айту керек, оларды колледждерге, университеттерге енгізу керек, ұрпақты болу денсаулығы туралы айту керек».*
- *«Бізге саналы білім беру және ақпараттандыру, мектептер үшін өздерінің жаттығуларын ұйымдастыру, тәжірибе алмасу үшін танымал спортшыларды шақыру және түрлі кездесулер өткізу мен оқығанды қондыратын жаттығуларды жасау қажет. «Әкелер мектебін» ашу арқылы, жасөспірім ұлдар қандай әрекеттерді істеуге болмайтынын, не істей алатынын түсінуі үшін ұлдарға үлгі болатын, тәлімгер болатын осындай әкелер бар орталықтарды ашу мен қолдау керек, олар отбасындағы қарым-қатынасты қалай құру керектігін осындай адамдардан үйрене алады. Ұлдар жақсы адамның дұрыс көзқарасы мен бейнесін үлгі ретінде ала алатын еді. Балаларды спортпен тәрбиелеу, оларда спорттық мінез-құлықты, рухты тәрбиелеу керек. Мемлекетіміз үшін ең бастысы – отбасылық мәселелерді толық қамтитын бағдарламаларды енгізу қажет».*

Мамандар әке мен ана рөлін, отбасылық қарым-қатынасты, ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін нығайту саласында отбасылардың сауаттылығы мен өмір сүру сапасын арттыру үшін білім беру курстарын құрудың маңыздылығын ерекше атап өтті.

- «Жас әкелерге арналған курстарды құру арқылы, оларды отбасындағы, некедегі кикілжің жағдайлары туралы және оларды шешу жолдары жайлы, олардың құқықтарын, әйелдердің құқықтарын, отбасы міндеттерін, үй шаруашылығындағы міндеттерін қалай бөлісетінін айту керек. Әкелерге курс барысында отбасы мәселелері бойынша қарапайым білім беру жүргізілетін болады. Біздерге өмір бойы оқу мен үйрену керек, егер бірінші және екінші неке нәтиже бермесе, мұндай тренингтерге шұғыл түрде қатысу керек».
- «Отбасылық курстар ашып, әйелдердің құқықтары, ерлердің құқықтары мен міндеттері туралы оқыту, әңгімелеу қажет. Мұндай курстар жүйелі және кешенді түрде ұйымдастырылуы керек. Ер мен әйелдің құқықтары мен міндеттері бар, оларды әркім өзара қабылдап, орындауы керек. Исламда ерлердің, әйелдердің және балалардың құқықтары туралы тұтас трактаттар бар, бірақ көбісі бұл туралы білмейді. Ерлердің, әйелдердің, балалардың және ата-аналардың құқықтары мен міндеттері туралы бәрі анық және ашық жазылған».

Әйелдердің пікірі бойынша ерлердің отбасы өміріне араласу деңгейлерін бағалаулары

Көптеген отбасылар үй шаруасымен өз бетінше айналысады: ерлі-зайыптылар бәрін өздері жасайды (ерлердің 41% және әйелдердің 38% жауап береді) немесе олардың балалары оларға көмектеседі (ерлердің 47% және әйелдердің 50% жауап береді). Ерлер (11%), әйелдер (2%) ерлердің пікірлеріне қарағанда жиі оларға туыстары, негізінен апа-сіңлілері, әпкелерінің және басқа туыстары көмектесетіндіктерін айтып берді (55-сурет).



Сурет 55. «Сізге немесе Сіздің жұбайыңызға үй жұмыстары бойынша, мысалы, жинастыру, ас даярлау, балаларды тәрбиелеуде әдетте жиі кім көмектеседі?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Барлық респондент әйелдерге (n=2125) «Сіздің ойыңызша, сіздің жұбайыңыз сізге күнделікті үй шаруасына және бала күтіміне қаншалықты жиі көмектесуі керек?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың нәтижелері 56-суретте көрсетілген.

Әйелдердің басым көпшілігінің пікірінше, ер адамдар әрқашан үй шаруашылығының келесі түрлерімен айналысуы керек:

- Үйді жөндеу (кішігірім) (80%);
- Әйелінің жүктілігі кезінде күтім жасау мен көмектесу (78%);
- Үйден тыс жұмыс (жылыжай, егін алқабы, бақша) (75%);
- Үй жануарларына күтім жасау (ірі-қара, құс, т.б. жануарлар) (74%);
- Төлемдерді төлеу (коммуналды және т.б.) (62%).

«Азық-түлік сатып алу» және «күнделікті бала күтімі» бойынша жағдай екі ұшты - әйелдердің пікірлері екіге бөлінді:

- Әйелдердің 54%-ы ерлер әрқашан азық-түлік сатып алуы керек деп есептесе, 41%-ы оны кейде жасау керек деп айтқан, 5%-ы бұл еркектің ісі емес деген пікірде.
- Әйелдердің 48%-ы балалардың күнделікті күтіміне «ер адамдар әрқашан қатысуы керек» деген пікірде болса, 43%-ы «кейде» және 9%-ы «ешқашан» деп жауап берді.

Үй жинау, тамақ пісіру, ыдыс жуу сияқты жұмыстарға - ер адамдар «кейде» қатысуы керек - бұл елді мекеннің түріне (қала, ауыл) қарамастан әйелдердің көпшілігінің (52% -дан 63%-ға) дейін пікірлерін көрсетті.

Ал әйелдердің көпшілігінің пікірінше, ер адамдар ешқашан жуыну бөлмесі мен дәретхананы (59%) жууға және кір жууға (52%) тиіс емес деген. Сонымен қатар, әйелдердің 32% ер адамдар мұны кем дегенде анда-санда жасауы керек деп есептейді (56-сурет).




Сурет 56. «Сіздің пікіріңізше, Сізге жұбайыңыз үй шаруашылығы бойынша және балаларға күтім жасау бойынша қаншалықты жиі көмектесуі керек деп ойлайсыз?» сұрағы бойынша жауаптардың нәтижесі

Үй шаруашылығындағы ерлі-зайыптылар арасындағы жұмысты бөлуде әйелдердің қажеттіліктері қаншалықты қанағаттандырылып жатқанын анықтау үшін сауалнамаға қатысушыларға «Сіздің үй шаруашылығыңызда келесі міндеттер қалай бөлінген?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың нәтижелері 57-суретте «әдетте жұбайы» жауаптарының кему ретімен берілген.

Зерттеу көрсеткендей, әйелдердің үй шаруашылығындағы жұбайларының көмегіне деген қажеттіліктері көп жағдайда толық қанағаттандырылмайды - отбасылардың едәуір бөлігінде үй шаруашылығын ерлі-зайыптылар бірлесіп жасайтындықтары анықталды, тіпті үй шаруашылығы бойынша ерлер істеу керек жұмыстарды да әйелдердің ерлермен бірдей жасайтындықтарын да атап өткені анықталды.

- Әйелдердің басым көпшілігі (80%) үй шаруашылықтарындағы кішігірім жөндеу жұмыстарын жұбайы жасау керектігін атап өтті, шын мәнінде, үй шаруашылықтарының 46%-ында бұл жұмыс түрін ер адамдар жасайтындығы, ал 44% - жұбайлар бұл жауапкершіліктерді бөліседі, яғни теңдей және оларды бірге орындайтындықтарын атаған.
- Саяжай, жеке учаскесі, бақша бойынша үйден тыс жұмысы бар әйелдердің 75%-ы жұмыстың бұл түрін ерлер орындауы тиіс екенін атап өтті, шын мәнінде отбасылардың 37%-ында бұл жұмысты ер адамдар атқарады, ал отбасылардың 50%-да ерлі-зайыптылар бұл жұмысты бірге жасайтындықтары анықталды.
- Шаруашылықтары бар әйелдердің басым бөлігі (74%) ерлердің мал (ірі қара, құс және т.б.) бағуы керек деген пікірде, шын мәнінде, отбасылардың 45%-ында оны ер адамдар жасайды; ал 37%-да бұл жұмыс түрі бірлесіп орындалады, яғни ерлі-зайыптылар теңдей және бірге орындайтындықтары анықталды.
- Төлемдерді төлеуге қатысты (коммуналдық және басқа қызметтер) – әйелдердің 62%-ы мұны ер адамдар жасауы керек деген пікірде, шын мәнінде бұл міндетті ерлердің 33%-ы орындайды, отбасылардың 30%-ында бұл міндет бірлесіп орындалады, яғни, ерлі-зайыптылар шоттарды төлеуді бірлесіп бақылайды, ал отбасылардың 35%-ында бұл жауапкершілікті әйелдер бақылайтындықтары мен атқаратындықтары белгілі болды.

Әйелдердің басым бөлігі (60%) жұбайларымен бірге отбасын азық-түлікпен қамтамасыз етіп, оларды сатып алу жауапкершілігін бөлісетінін атап өтті. Тамақ әзірлеу (82%), ыдыс жуу (82%), үй жинау (78%), кір жуу (88%), ванна мен дәретхананы жуу (87%) сияқты үй шаруашылығының басқа міндеттерін орындауда әйелдер басым, отбасылардың көпшілігінде (78% -88%) бұл жұмыс түрлерін әйелдер жасайды. Сондай-ақ балалардың күнделікті күтімінде – 58% отбасында әйелдер жұмыс істейді және 41% отбасында бұл міндеттерді жұбайларымен бөлісіп атқарылатындығы анықталды (57-сурет).



Сурет 57. «Сіздің үй шаруашылығыңыздағы көрсетілген келесі міндеттер Сіздің отбасыңызда қалай бөлінеді?» сұрағына жауаптардың нәтижесі


Сондай-ақ ер адамдардан үй шаруашылығында жауапкершілікті бөлу тәжірибесі туралы сұрақ қойылды: «Сіздің үй шаруашылығыңызда келесі міндеттер қалай бөлінеді?». Ерлердің жауаптары әйелдердің ерлердің үй жұмыстарына көмегіне деген көптеген қажеттіліктері қанағаттандырылмайтынын растады.

Ерлердің басым бөлігі (64%) үйге ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізетінін айтты. Қалған міндеттерді ерлердің жартысына жуығы атқарса да, отбасылардың едәуір бөлігінде бұл міндеттер бірлесіп орындалады:

- Мал бағу (мал, құс және басқа да жануарлар) - 51% ер адамдар мұны өздері істейтіндіктерін айтты, 29% бұл жауапкершілікті жұбайымен бөліседі.
- Үйден тыс жұмыс (дача, жеке учаске, бақша) ерлердің 48%-ы мұны өздері істейтіндіктерін айтты, бірақ айтарлықтай бөлігі (38%) бұл жауапкершілікті жұбайымен бөліседі.
- Төлемдерді төлеу (коммуналдық қызметтер және т.б.) бұл жауапкершілікті ерлердің 42%-ы өздері орындайды, әрбір бесінші отбасында (21%) бұл


жауапкершілік ерлі-зайыптылардың арасында бөлінедінігін айтты немесе жұбайы (21%) атқарады.

Қалған үй шаруашылық міндеттерін отбасылардың едәуір бөлігінде әйелдер орындайды (58-сурет).




Сурет 58. «Сіздің үй шаруашылығыңыздағы көрсетілген келесі міндеттер Сіздің отбасыңызда қалай бөлінеді?» сұрағына ерлердің жауаптарының нәтижесі

Әйелдердің басым көпшілігі (78%) ерлер жүктілік кезінде әйелдерге көмектесіп, қамқорлық жасауы керек екенін айтты. Көптеген отбасыларда бұл жағдай, яғни ер адамдар жүктілік кезінде жұбайына көмектесіп, оларға қамқор болған: ерлердің 77% және әйелдердің 65% -ы жұбайларының үнемі көмектесетінін атап өтті, ерлердің 19% және әйелдердің 31%-ы кейде деп жауап берген (59-сурет).




Сурет 59. «Сіз жүкті болған кезіңізде Сізге жұбайыңыз (Сізге күтім жасау, үй жұмыстарын атқару) көмектесті ме?» сұрағына әйелдердің жауаптарының нәтижесі

Сауалнама барысында респонденттердің өздері ерлі-зайыптылардың әрқайсысының үй шаруашылығындағы міндеттерді бөлуге және оны істеуге қосқан үлесін бағалады, бұл үшін оларға: «Жалпы үй шаруашылығындағы міндеттерді бөлуді қалай бағалайсыз?» сұрағының нәтижесі 60 суретте көрсетілген. Нәтижесінде Үй шаруашылығы бойынша әйелдердің олардың жұбайларынан әлдеқайда көп жұмыстарды атқаратындықтары анықталды. Бұл ерлердің 45% және әйелдердің 28%, ерлердің тағы 16% және әйелдердің 22% -ы әйелдердің жұбайларына қарағанда әлдеқайда жұмыс істейтінін атап өтті. Сонымен қатар, отбасылардың едәуір бөлігінде (ерлердің 33% және әйелдердің 43% жауаптары) ерлі-зайыптылар үй шаруашылығының міндеттерін бірдей дерлік бөліседі екендіктерін және орындайтындықтарын анықтады (60-сурет).




Сурет 60. Респонденттердің үй шаруашылығы бойынша қызметтерді бөліп істеуді бағалаулары

Ерлердің (95%) және әйелдердің (85%) көпшілігі үй шаруашылығын жүргізу бойынша жауапкершіліктің қалыптасқан бөлінуіне қанағаттанады. Әйелдер арасында (12%) еркектерге қарағанда төрт есе көп (3%) жауапкершіліктің бұл бөлінуіне қанағаттанбайтындарын респонденттер айтқан (61-сурет).



Сурет 61. «Жұмыстардың осындай етіп бөлінуіне Сіз қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Ерлі-зайыптылардың көпшілігінің үй шаруашылығындағы міндеттерді бөлудегі қазіргі жағдайға қанағаттанатынын растайтын тағы бір дәлел «Сіздің ойыңызша, сіздің жұбайыңыз осы жауапкершілікті бөлуге риза ма?» деген сұраққа жауаптар: ерлердің 86% және әйелдердің 87%-ы «толығымен қанағаттандым» және «жартылай қанағаттанамын» деген бағаны атап өткен. Жалпы алғанда, ерлердің 7%-ы және әйелдердің 6%-ы өздерінің жұбайларының бұлай жауапкершілікті бөлуге риза емес екенін айтқан (62-сурет).



Сурет 62. «Сіздің пікіріңізше, Сіздің жұбайыңыз қызметтердің осындай етіп бөлініп, істелуіне қанағаттанады ма?» сұрағына жауаптар

Әйелдермен жүргізілген сұхбаттар көрсеткендей, жұбайына үй шаруасын бөлісуде және бала күтімінде қолдау көрсету әйелді бақытты ететіндігі анықталды. Ерлер әйелдеріне барлық істе көмектесіп, бала күтіміндегі жауапкершілікті бөліссе, әйелдерге қамқорлық жасап, оған жақсы сыйластық жасаса, онда әйелдер өмірлеріне қанағаттанады және өздерін бақытты әйелдер ретінде сезінеді:

- *«Үйдегі және балалармен байланысты барлық жауапкершілік тең бөлінеді. Күйеуім менің уақытым жоқ екенін көреді, ол маған көмектеседі. Баланы мектептен кезектесіп алып кетіп отырамыз, жауапкершіліктерді бөлісіп алғаннан кейін, дау-дамай мен қиындықтар жоқ. Барлық жұмысты келісіп, ақылдасып істейміз. Жаялық ауыстыру, баланы жундыру, киімдерін кигізу, мүлде проблема емес, күйеуім осыларды қуана жасайды. Ол маған қарағанда бұл жұмыстарды өте жақсы жасайды. Босанғаннан кейінгі қиын сәттер болғанда, күйеуім көп көмектесті, босанғанға дейін және босанғаннан кейін мені өзі бақты, күтім жасады, жарақаттарды байлаған дәкелердің бәрін өзі шешті, ешқашан баланы ауруханада мен көтермейтінмін, күйеуім менің орныма бәрін жасады. Күйеуім бәріне көмектесті, қолдады, ол менің жанымда жүргені, маған қамқор болғаны үшін адамдардың бізге қызғанышының бірінші себебі. Осыған байланысты мен өте бақытты әйелмін. Бір жерге баратын болсам, көйлекті үтіктеп, киіндіріп, көлігімен апарып, түнде баламен күте алады. Мен демалуым керек, серуендеуім керек, ол менің бұл ойымды қолдайды, ол менің аяқ киімімді сүртіп қояды. Менің күйеуімде «Мен еркекпін, олай істемеймін» деген ондай ой жоқ. Егер балалар ауырса, мен көбінесе олармен бірге боламын, бірақ күйеуімнің көмегі қажет болса ол жұмысындағы басшылықтан демалыс сұрай алады, солай балалар мен маған көмектеседі».*

- *«Біз барлығын бірге істеуге тырысамыз немесе біз бір шешімге келеміз, егер мен кішкентай қызыммен болсам, онда ол басқа балаларды үйірмеге апарады. Екінші баламды босандым, оқыдым, кешке дейін университетте сессиялар болды. Мен баланы ұзақ уақыт еміздім, бірақ жолдасым өзі онымен бірге отырып, оған қарап, университетіме әкелетін, сол кездерде мен үзіліс кезінде баламды тамақтандыратынмын. Бірге біз әрқашан жағдайдан шығуға тырыстық. Міндеттердің бөлінуіне көңілім толады, қанағаттандырады».*


Сарапшылардың пікірінше, бүгінде қазақстандық қоғамда тұрмыстық міндеттерді бөлуге қатысты, әсіресе қала жағдайында, әрбір жұбайдың жұмыспен қамтылуын және заманауи технологияларды ескере отырып, үлкен өзгерістер бар екенін байқауға болады.

- *«Бүгінгі таңда урбанизация барған сайын өзіне тән өзгерістер енгізуде. Бірнеше жыл бұрын әйелдер барлық үй шаруасымен айналысатын, ал қазір оларға техникалар, туыстары көмектеседі және олардың бос уақыты көбірек бола бастады. Енді егде жастағы отбасылар жас жұбайларды талқылаулары мен түрткілеулері жойыла бастады, үлкендер балаларының өміріне араласуды қойды».*
- *«Үйдегі міндеттер мен жұмысты тең бөлу керек, бүгінде бұл қалада тұратын және жұмыс жүктемелері қиын кезде отбасының өмір сүруінде маңызды болып тұр».*
- *«Қоғамда әлі де гендерлік стереотиптер бар, бірақ жылымық бар, жастар әртүрлі, әр ұрпақта бәрі мүлдем өзгеріп келеді. Әр ұрпақ белгілі бір жағдайда, әсерде өседі, жастық шақ әртүрлі болады, олар қазір ештеңеден қорықпайтын, дүниетанымы бөлек болып қалыптасып келе жатыр. Олар үй шаруашылығының міндеттерін бөлуге сабырмен жауап береді. Ер адамдар қоқыс шығара алады, ыдыс жуады, азық-түлік сатып алады және әртүрлі үй шаруаларын жасай алады. Ересек жаста құндылықтарды қайта бағалау орын алуы мүмкін, мұндай жағдайларда адамдар отбасылық жауапкершіліктерді бөлісу керек екенін түсінеді. Егер жұбайы науқас болса, жұбайы әйелінің барлық үй шаруасын орындайды. Егер ерлі-зайыптылар отбасында қандай да бір дағдарысты бастан өткерсе, олар бір-бірін қолдауға, келісімге барады».*
- *«Барлық ер адамдар бұған дайын емес, жұмыстардың барлығына көбірек әйелдер араласады. Әйелдер үй шаруашылығын басқару жауапкершілігін алады, ал көптеген ер адамдар отбасын қамтамасыз етуде асыраушы рөлін атқарады. Мұхаммед пайғамбар да еден сыпырған, әйелдерге көмектескен деген хадистер, сүннеттер бар. Мұхаммед пайғамбардың адамдары да оның әйеліне де үй шаруасына көмектескенін айтады. Мұндай хадистер өте көп, бірақ біздің қоғам діндар емес, сауатсыз болғандықтан, көптеген ер адамдар әйелдерді үй шаруасымен айналысуға міндеттейді. Әйелдер үй шаруасымен айналысып қана қоймай, өздеріне де уақыт бөлуі керек».*

Респонденттердің демалыс күндерінде тынығу мен демалыс уақыттарын өткізулері бойынша қалаулары


Сауалнама көрсеткендей, ерлердің көпшілігі (67%) мен әйелдердің (78%) демалыс күндерін бүкіл отбасымен, жұбайымен және балаларымен өткізуді қалайды. Бұл артықшылық ерлерге қарағанда әйелдер арасында жиі кездеседі. Ерлер үлкен отбасымен, яғни жұбайы мен балаларынан бөлек, ата-анасымен немесе басқа туыстарымен демалуды жөн көреді, бұл әрбір бесінші ер адамның (20%) жауаптары, әйелдер арасында респонденттердің 14%-ы осылай деп жауап берді.

Тек бірнеше ер адам (5%) мен әйелдер (4%) жалғыз немесе тек жұбайымен (3%) демалуды қалайды (63-сурет).



Сурет 63. «Сіз өзіңіздің демалыс уақытыңызды қалай өткізгеніңізді қалайсыз?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Отбасылық қазақстандықтардың қалауы негізінен жүзеге асады, шын мәнінде әркім демалады, яғни өз қалауына сәйкес: олардың көпшілігі бүкіл отбасымен демалады, әрбір бесінші отбасы дерлік ата-аналарымен немесе басқа туыстарымен демалады. Жалғыз немесе жұбайымен жалғыз демалғысы келетіндер де өз қалауларын ұстанады (64-сурет).



Сурет 64. «Ақиқатында, Сіз өзіңіздің демалыс уақытыңызды қалай өткізесіз?» сұрағы жауаптардың нәтижесі

Ерлердің отбасында әкелік қызметтерді атқаруы мен балаларының тәрбиесіне қатысуларының деңгейлерін бағалау

Осы зерттеудің нәтижелері бойынша қазақстандықтардың отбасындағы бала санының орташа мәні 2,3 (Std.dev.1.2), ең азы – 1, ең көбі – 9 бала. Біздің сауалнамаға сәйкес қазақстандықтардың отбасындағы балалар саны туралы деректер 10-кестеде келтірілген.


Жалпы, сауалнама балалар саны әртүрлі отбасыларды қамтыды, сонымен қатар іріктеуде балалардың жасы әртүрлі: 5 жасқа дейін, 6 жастан 17 жасқа дейін және 18 жастан жоғары жастағы балалары бар отбасылар ұсынылған.

Кесте 10. Респонденттердің отбасыларындағы балалар санының таралуын көрсету

Отбасылардағы балалар саны	Жиілік	%
Барлығы	2125	100%
1	622	29%
2	732	34%
3	455	21%
4	201	10%
5	89	4%
6	19	1%
7	3	0,1%
8	2	0,1%
9	2	0,1%


Ерлердің ата-ана тәрбиесіне және бала күтіміне қатысу дәрежесін анықтау мақсатында сауалнамаға қатысушылардың барлығына бірқатар сұрақтар қойылды. Басқа адамдардың (әжелер, аталар және т.б.) көмегін есепке алмай, ерлі-зайыптылардың балаларды күту міндеттерін қалай бөлісетіні анықталды.

Жоғарыда анықталғандай, отбасылардың көпшілігінде күнделікті бала күтімімен әйелдер айналысады: бұл әйелдердің (69%) және ерлердің (65%) көпшілігінің жауаптары. Сонымен қатар, әрбір төртінші отбасында (25% -29%) бала күтімі бойынша міндеттер ерлі-зайыптылардың арасында бірдей бөлінеді. Ерлер арасында «әрдайым мен» (9%) және «әдетте мен» (1%) жауаптарын жалғызбасты әкелер атап өтті (65-сурет).




Сурет 65. «Күнделікті балаларға кім күтім жасайды?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Көптеген отбасыларда балалар ауырған кезде аналар оларға қамқорлық жасайды, мұны әйелдердің 80% және ерлердің 68% атап өтті. Әрбір бесінші отбасы дерлік бұл жауапкершілікті тең (17% -18%) бөліседі. Ерлер арасында байқалған «әрқашан мен» деген жауаптарды (10%) жалғызбасты әкелер атап өтті. Жалпы, жұбайымен бірге тұратын ер адамдардың шамамен 5%-ы ауырған жағдайда балаларымен үйде қалатындықтарын айтқан (66-сурет).




Сурет 66. «Балалар ауырып қалған кезде, балалардың жанында кім қалады?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

«Баланы мектептен немесе балабақшадан кім алып кетеді?» деген сұрақ туындағанда жағдай айтарлықтай өзгереді - отбасылардың жартысында (48% -50%) ерлі-зайыптылар бұл жауапкершілікті өзара бөліседі немесе бірге орындайды. Отбасының екінші жартысында бұл міндетті ерлерге (15%) қарағанда әйелдер (35%) жиі орындайды - жалғызбасты әкелерді есепке алмағанда, олар көбіне барлығын өздері жасайды немесе жақындары жұмыстарды істеуге көмектеседі (67-сурет).



Сурет 67. «Балаларды кім балабақшадан/ мектептен алып кетеді?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

Сауалнама сонымен қатар отбасылардың едәуір бөлігінде (орта есеппен 47%) бұл жауапкершілік ерлі-зайыптылардың арасында бөлінетініне немесе бірлесіп атқарылатынына қарамастан, ерлерге қарағанда әйелдердің балаларды қосымша біліммен қамтамасыз етуге көбірек тартылатынын көрсетті (68-сурет).



Сурет 68. «Балаларды кім үйірмелерге/қосымша сабақтарға апарып жүреді?» сұрағына жауаптардың нәтижесі

